# ЗАҢ



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ЮРИДИЧЕСКИЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№6 | 2026

ZANMEDIA.KZ



**Ләззат ЕРКІНБАЕВА,**
М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма төрағасы-Ректор, заң ғылымдарының докторы, профессор:

# «БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ – ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ»

# ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

**№6 | 2026**

**МЕНШІК ИЕСІ:**
«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**



**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:**

**АХПАНОВ А.,**
д.ю.н., профессор
**АЙТХОЖИН К.К.,**
д.ю.н., профессор
**ӘБДІРАСҰЛОВ Е.**
з.ғ.д. профессор
**БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.**
профессор (Қырғызстан)
**МАУЛЕНОВ К.**
д.ю.н., профессор
**СӘБІКЕНОВ С.,**
з.ғ.д. профессор
**ДОСАЛИЕВ Қ.,**
з.ғ.д. профессор
**ШУМИЛОВ В.,**
д.ю.н., профессор,
заведующий кафедрой
Всероссийской Академии
внешней торговли

**РЕДАКТОРЫ**
Түймегүл ИБАШЕВА


# МАЗМҰНЫ


*«Білім мен ғылым – тұрақты дамудың кепілі»*
**А. Ерболқызы** .......... 3

*Ответственность за нарушение прав несовершеннолетних в Казахстане и зарубежом*
**Г. Нурахметова, А. Иген** .......... 14

*Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру жолдары*
**А. Ғабитова** .......... 17

*Административная юстиция: ориентиры развития*
**А. Джасузаков** .......... 21

*Судьялар одағына – 30 жыл*
**Қ. Байоразова** .......... 24

*Бостандықтың қадірін біл*
**Ж. Иманғазиева** .......... 27

*Три грани деятельности профессора Карагусова*
**С. Тыныбеков** .......... 31

*Қайта өңдеу мәдениеті дамуға апарады*
**Г.Танеева, Қ.Жузжан** .......... 36

*Ажырасу – өте күрделі процесс*
**А. Дусимова** .......... 38

*О возмещении морального вреда*
**А. Болтыбаева** .......... 40

*Роль судьи в укреплении правого государства Республики Казахстан*
**А. Тукубаева** .......... 42

*Заң және жастар*
**А.Молдакарызова, А.Мустафаева** .......... 44

*Заң мұғалімдердің жұмыс тәртібін өзгертеді*
**А. Мауленбай** .......... 46

*Составление протокола неуполномоченным должностным лицом*
**А. Сулейменова** .......... 48

## ӨМІРДЕРЕК



*Заң ғылымдарының докторы, профессор Ләззат Қалымбекқызы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) заң факультетін 1989 жылы үздік дипломмен тәмамдады. Ғылыми-зерттеу қызметін ерте бастап, 1995 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы диссертациялық кеңесте «Жерге келтірілген залалды өтеуді құқықтық реттеу» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Ал 2008 жылы «Қазақстан Республикасындағы аграрлық құқықтық қатынастар» тақырыбындағы докторлық диссертациясын сәтті қорғап, экологиялық құқық, жер құқығы және аграрлық құқық мамандықтары бойынша заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін иеленді.*

*Еңбек жолын 1989 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультетінде бастаған ғалым 2002 жылға дейін табиғи ресурстық және экологиялық құқық кафедрасында оқытушы, аға оқытушы және доцент қызметтерін атқарды. 2002–2011 жылдары аталған кафедраның меңгерушісі болды. Кейін бұл құрылым университеттің заң факультеті құрамындағы кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы болып қайта ұйымдастырылды.*

*2011–2018 жылдары І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде бірінші проректор – оқу және әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор қызметтерін атқарды. 2018–2023 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультетіндегі кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының профессоры, 2023–2024 жылдары ҚазҰУ-дің басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры қызметін атқарса, 2024–2025 жылдары М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры лауазымында еңбек етті. 2026 жылдың ақпан айынан бастап М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма төрағасы-Ректор қызметін атқаруда.*

*Профессор Ләззат Қалымбекқызының ғылыми қызметінің негізгі бағыттары аграрлық құқықтық саясат, жер және экологиялық құқық, жайылым экожүйелерін тиімді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу мәселелерімен байланысты. Оның ғылыми еңбектерінде аграрлық қатынастарды құқықтық қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты қарастырылған.*

*Ғалымның ғылыми мұрасы да ауқымды. Ол отандық және шетелдік беделді ғылыми басылымдарда жарияланған 140-тан астам ғылыми еңбектің авторы. Оның ішінде 21 оқулық, 17 монография және халықаралық рейтингтік журналдарда жарық көрген 14-тен астам ғылыми мақалалары бар. Бұл еңбектер құқық ғылымының теориялық негіздерін дамытуға және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге елеулі үлес қосып келеді.*

*Ләззат Қалымбекқызы ғылыми кадрлар даярлау ісіне де зор еңбек сіңіріп келеді. Оның ғылыми жетекшілігімен 6 заң ғылымдарының кандидаты және 5 философия докторы (PhD) диссертациялық зерттеулерін сәтті қорғады. Қазіргі уақытта бірнеше докторанттың ғылыми жетекшісі ретінде жас ғалымдардың қалыптасуына ықпал етуде. Ғалымның халықаралық ғылыми байланыстары да ерекше назар аудартады. 2013–2014 оқу жылында халықаралық «Болашақ» бағдарламасының грантын жеңіп алып, Ұлыбританиядағы Брунель университеті мен Рединг университетінде ғылыми тағылымдамадан және тілдік дайындық курсынан өтті. Сонымен қатар Түркиядағы Стамбул университетінде, Эстониядағы Таллин университетінде және Қытайдағы Сиань Цзяотун университетінде ғылыми тағылымдамалардан өткен.*

*Ғылым мен білім саласындағы жемісті еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Қазақстандағы заң ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін 2009 және 2010 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Сонымен қатар құқықтық жүйені дамытуға қосқан үлесі үшін «Қазақстан Республикасының Конституциясына – 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Парламентіне – 10 жыл» және «Қазақстан Республикасының Конституциясына – 20 жыл» мерейтойлық медальдарымен наградталды. 2010 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болды.*

*Бүгінде профессор Ләззат Қалымбекқызы Еркінбаева құқық ғылымының өзекті мәселелеріне арналған ғылыми жобаларды жүзеге асыруға белсенді қатысып келеді. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландыратын ғылыми жобаларға жетекшілік ете отырып, қоғам үшін маңызды құқықтық мәселелерді ғылыми тұрғыдан зерделеуге және ұлттық құқық ғылымының дамуына үлес қосуда.*

**Ләззат ЕРКІНБАЕВА,**
М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма төрағасы-Ректор, заң ғылымдарының докторы, профессор:

# «БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ – ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ»

**– Ләззат Қалымбекқызы, бүгінгі қоғамда білім мен ғылымды тұрақты дамудың негізгі тірегі деп айтуға бола ма? «Білім мен ғылым – тұрақты дамудың кепілі» деген ойды қалай түйіндер едіңіз?**

– Иә, бүгінгі қоғамда білім мен ғылымды тұрақты дамудың негізгі тірегі деп толық айтуға негіз бар. Себебі, кез келген елдің экономикалық драйвері, жаһандану кезеңіндегі цифрлық технологиядағы жетістігі, экологиялық қауіпсіздік және әлеуметтік әл-ауқаты ең алдымен білім капиталы мен ғылымның дамуына байланысты. Президентіміз атап өткендей, ХХІ ғасыр, білім және ғылымның ғасыры. Білімге жаңашыл адам, білімді қоғам қашан да озады. Ал ғылым қоғамдағы күрделі мәселелердің шешімін табуға көмектеседі: медицинадағы жаңалықтар, жасыл энергия, цифрлық технологиялар, азық-түлік қауіпсіздігі – мұның бәрі ғылыми ізденістің нәтижесі. Білімді ұрпақ пен дамыған ғылым бар жерде ғана сол мемлекет бәсекеге қабілетті бола алады. «Білім мен ғылым – тек табиғи ресурстарға емес, ең алдымен адам ақыл-ойына сүйенетін үдеріс. Білімді қоғам жаңалыққа ашық, ал ғылымы дамыған ел болашаққа сенімді қадам жасайды. Сондықтан, білім мен ғылымға инвестиция салу – мемлекеттің ертеңіне салынған ең маңызды капитал деп білемін.

**– Ғылым мен білімнің өзара байланысы қаншалықты маңызды?**

– Ғылым мен білім егіз, бұл екі ұғымды ажыратуға келмейді. Ғылым мен білімнің өзара байланысы – қоғамның интеллектуалдық және технологиялық прогресінің басты шарты. Ғылымсыз сапалы білім қалыптаспайды, ал білімсіз ғылым да дамымайды. Ғылым мен білімнің өзара байланысының маңыздылығы бірнеше бағытта өрбиді. Атап айтсақ, біріншіден, ғылым білім беру жүйесінің мазмұны жаңарады. Ғылыми зерттеулердің нәтижесінде алынған жаңа теориялар мен технологиялар оқу бағдарламаларына енгізіліп, студенттердің заманауи білім алуына мүмкіндік ашылады. Екіншіден, білім беру арқылы ғылым үшін кадр даярлайды. Университеттер мен ғылыми орталықтар болашақ ғалымдарды тәрбиелеп, олардың зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастырады. Үшіншіден, ғылым мен білімнің бірлігі қоғамның инновациялық дамуына ықпал етеді. Экономика, медицина, техника және ақпараттық технология салаларындағы жетістіктер тікелей ғылыми ізденістер мен сапалы білімнің нәтижесі болып табылады. Бұл байланыс М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті қызметінде де айқын көрінуде. Университетімізде білім беру үдерісі ғылыми зерттеулермен ұштасып жүргізіледі. Студенттер тек теориялық білім алып қана қоймай, ғылыми жобаларға, конференцияларға және зерттеу жұмыстарына қатысады. Бұл олардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті білім мен ғылымның өзара байланысын нығайту арқылы бәсекеге қабілетті мамандар мен болашақ ғалымдарды даярлауда маңызды рөл атқарады. Осы ретте айта кету керек, университетімізде ғылыми-зерттеу орта-



**«Абайдың «Толық адам» ілімі және заманауи білім беру үрдісіндегі трендтер» тақырыбындағы республикалық ғылыми-әдістемелік семинар**

лықтары мен инновациялық жобалар жүзеге асырылып келеді. Мұндай жұмыстар студенттердің кәсіби біліктілігін арттырып, елдің ғылыми әлеуетін дамытуға үлес қосады. Әсіресе, техникалық, педагогикалық және экономикалық бағыттардағы зерттеулер аймақтың әлеуметтік-экономикалық едәуір дамуына ықпалын тигізеді.

**– Жаһандану дәуірінде жоғары оқу орындарының миссиясы қалай өзгеріп келеді?**

– Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздегі барлық дерлік жоғары оқу орындарының (ЖОО) дәстүрлі миссиясы трансформацияға ұшырап, білім беру мазмұны өзгерді. Бұрындары жоғары оқу орындарының негізгі міндеті тек білім беру мен маман даярлау болса, қазіргі кезеңде олардың қызметі инновация, ғылыми зерттеу, халықаралық ынтымақтастық, цифрландыру және қоғамның тұрақты дамуына үлес қосу бағыттарымен кеңейе түсті. Бұл өзгерістер әлемдік білім кеңістігіндегі бәсекелестіктің күшеюімен, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен және еңбек нарығы талаптарының жаңаруымен байланысты. Қазіргі университеттер халықаралық стандарттарға сәйкес білім беруге, академиялық ұтқырлықты дамытуға және көптілді меңгерген полиглот мамандар даярлауға ұмтылуда. Қазіргі миссия – ұлттық деңгейдегі кадр даярлаудан халықаралық еңбек нарығына бейімделген бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру, ғылыми-инновациялық қызметті дамыту болып табылады. Еліміздегі университеттердің рейтингі де көбінесе ғылыми жарияланымдар, халықаралық жобалар мен зерттеу нәтижелері арқылы анықталады. Сондықтан, қазіргі таңда жоғары оқу орындарының миссиясы білім берумен қатар, ғылыми жаңалықтар жасау және қоғамның инновациялық дамуына ықпал ету болып отыр.

**– Сіздің ойыңызша, қазіргі жастар қандай білімге ұмтылуы керек?**

– Қазіргі жаһандану дәуірінде жастардың сапалы әрі заманауи білімге ұмтылуы – елдің болашағын айқындайтын негізгі




**«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» тақырыбында дөңгелек үстел өтті**

факторлардың бірі. Ғылым мен технология қарыштап дамыған заманда тек дәстүрлі біліммен шектелу жеткіліксіз. Сондықтан, қазіргі жастар бірнеше бағыттағы білімді қатар меңгеруге ұмтылуы қажет. Біріншіден, жастар цифрлық және технологиялық білімді игеруі қажет. Бүгінде ақпараттық технологиялар барлық саланың ажырамас бөлігіне айналды. Цифрлық сауаттылық адамның еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Екіншіден, шет тілдерін меңгерудің маңызы зор. Біздерге, әсіресе жастарға шетелде тегін білім алу үшін мемлекет тарапынан білім гранттары, «Болашақ» білім беру бағдарламасына гранттар бөлініп, көптеген мүмкіндіктер берілуде. Шетелде білім алу арқылы жастарымыз бірнеше тіл үйреніп, халықаралық деңгейде білім алуға, тәжірибе жинақтауға және мәдени байланыстар орнатуға мүмкіндік алады. Үшіншіден, жастар рухани-адамгершілік қасиеттерге де көңіл бөлуі тиіс. Тек кәсіби біліммен шектелген адам толық тұлға болып қалыптаспайды. Адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, патриотизм сияқты құндылықтар қоғамның тұрақты дамуына негіз болады. Ұлттық мәдениет пен тарихты білу де жастардың саналы азамат болып қалыптасуына ықпал етеді. Төртіншіден, сыни ойлау мен ғылыми көзқарас қазіргі қоғамда аса қажет. Ақпарат ағыны көбейген заманда әр мәліметті саралап, дәлелдерге сүйене отырып қорытынды жасай білу маңызды. Ғылыми ойлау жастарды жалған ақпараттан сақтап, объективті шешім қабылдауға үйретеді. Технологиялық сауаттылық, шет тілдерін меңгеру, рухани құндылықтар мен ғылыми жетістіктер – болашақ табыстың негізгі кепілі. Білімді, саналы және бәсекеге қабілетті жастар ғана жаңа Қазақстанның болашағын қалыптастыра алады.

**– Бүгінгі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман даярлау үшін не маңызды?**

– Бүгінгі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман даярлау үшін кәсіби біліммен қатар, икемді дағдыларды, цифрлық құзыреттерді және үздіксіз білім алуға ұмтылу аса маңызды. Ғылыми зерттеулерге сәйкес, қазіргі еңбек нарығы технологиялық өзгерістерге, жаһандануға және экономиканың цифрлануына байланысты мамандардан тек теориялық білімді емес, сонымен бірге практикалық құзыреттерді талап етеді. Ең алдымен, маманның кәсіби құзыреттілігі жоғары деңгейде болуы қажет. Құзыреттілікке теориялық білім, практикалық дағды және кәсіби тәжірибені тиімді қолдана алу қабілеті жатады. Педагогика және еңбек экономикасы саласындағы зерттеулер құзыреттілікке негізделген білім беру моделі еңбек нарығының талаптарына тиімді бейімделуге мүмкіндік беретінін көрсетеді. Бәсекеге қабілетті маман даярлауда цифрлық сауаттылық та маңызды факторлардың бірі болып табылады. Қазіргі таңда көптеген салалар автоматтандыру

мен жасанды интеллект технологияларын енгізуде. Сондықтан, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру, деректермен жұмыс істей білу және цифрлық платформаларды қолдану қабілеті еңбек нарығында бәсекелестікте артықшылық береді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, өмір бойы білім алу қағидасы ерекше мәнге ие. Еңбек нарығының жылдам өзгеруі мамандардан өз білімін үнемі жаңартып отыруды талап етеді. Осыған байланысты үздіксіз кәсіби даму, қайта даярлау және біліктілікті арттыру жүйелері маңызды орын алады. Кешенді дайындық қана заманауи қоғамның сұранысына жауап беретін жоғары білікті маман қалыптастыруға мүмкіндік деп санаймын.

**– Университет тек маман даярлайтын орын ба, әлде тәрбие мен тұлға қалыптастыратын орта ма?**

– Университетті тек маман даярлайтын орын ретінде қарастыру біржақты көзқарас деп есептеймін. Ғылыми-педагогикалық тұрғыдан алғанда, университет – кәсіби білім берумен қатар, тұлғаның әлеуметтік, мәдени, адамгершілік және интеллектуалдық қалыптасуына икемдейтін күрделі әлеуметтік институт. Біріншіден, университеттің негізгі қызметтерінің бірі – кәсіби маман даярлау. Жоғары оқу орны студентке белгілі бір сала бойынша теориялық білім мен практикалық дағды береді. Бұл қызмет еңбек нарығына қажетті білікті кадрлар дайындауға бағытталған. Экономика, медицина, инженерия, педагогика сияқты салаларда кәсіби құзыреттілік жоғары деңгейде қалыптасуы үшін университеттік білім маңызды рөл атқарады. Адам капиталы теориясын зерттеген ғалымдар жоғары білім елдің экономикалық дамуына тікелей әсер ететінін дәлелдеген. Алайда университеттің миссиясы мұнымен шектелмейді. Әлеуметтану мен педагогика ғылымында университет тұлға қалыптастырушы орта ретінде қарастырылады. Студент оқу барысында тек білім алып қана қоймай, әлеуметтік қатынастарға бейімделеді, сыни ойлау қабілетін дамытады, азаматтық ұстанымын қалыптастырады. Университет – тек маман даярлайтын орын емес, сонымен қатар, тәрбие мен тұлға қалыптастыратын маңызды әлеуметтік-мәдени орта дер едім.

**– Жастарды ғылымға тартудың тиімді жолдары қандай деп ойлайсыз?**

– Жастарды ғылымға тарту – қоғамның интеллектуалдық және технологиялық дамуының негізгі факторларының бірі. Қазіргі таңда көптеген мемлекеттер ғылыми әлеуетті арттыру үшін жас ұрпақтың ғылымға қызығушылығын күшейтуге ерекше көңіл бөлуде. Ғылыми тұрғыдан алғанда, жастарды ғылымға тартудың бірнеше тиімді жолдары бар. Біріншіден, білім беру жүйесінде зерттеушілік оқытуды дамыту маңызды. Педагогика ғылымында оқушылардың ғылыми ойлау қабілеті тәжірибе жасау, мәселе шешу және жобалық жұмыстар арқылы қалыптасатыны дәлелденген. Сондықтан мектептер мен жоғары оқу орындарында теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру қажет. Екіншіден, мотивациялық факторлардың рөлі ерекше. Психология ғылымы бойынша, адамның белгілі бір салаға қызығушылығы оның ішкі ынтасына және әлеуметтік ортасына байланысты қалыптасады. Егер жас ғалымдардың жетістіктері насихатталып, ғылым саласындағы табысты тұлғалар үлгі ретінде көрсетілсе, жастардың ғылымға деген сенімі күшейеді. Үшіншіден, цифрлық технологияларды пайдалану ғылымды қолжетімді етеді. Қазіргі жастар ақпаратты көбіне интернет пен әлеуметтік желілер арқылы қабылдайды. Сондықтан ғылымды танымал ету үшін ғылыми жетістіктер жайлы бейнематериалдарды, подкасттар мен интерактивті платформаларды және онлайн курстар кеңінен жүргізілуі қажет. Төртіншіден, материалдық және институционалдық қолдау маңызды рөл атқарады. Ғылыми гранттар, шәкіртақылар, жас зерттеушілерге арналған бағдарламалар жастардың ғылыммен тұрақты айналысуына жағдай жасайды.

**– Болашақта сұранысқа ие болатын мамандықтар туралы не айтар едіңіз?**

– Қазіргі кезеңде жаһандық еңбек нарығы технологиялық прогресс, цифрландыру, жасанды интеллекттің дамуы және климаттық өзгерістер әсерінен құрылымдық трансформацияға ұшырауда. Алдағы 10-20 жыл ішінде еңбек нарығының сұра-

ныс құрылымы айтарлықтай өзгеріп, жаңа кәсіби бағыттар қалыптасатындығы анық. Меніңше, ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект саласындағы мамандар, биоинформатика, генетикалық инженерия, молекулалық биология және телемедицина салаларындағы мамандар, жаңартылатын энергия инженерлері, экологиялық сарапшылар, климатологтар және цифрлық маркетинг, медиа-коммуникация, тұрақты даму менеджерлері стратегиялық маңызды рөл атқарады.

**– Университеттегі заң факультетінің бүгінгі даму деңгейіне қандай баға берер едіңіз?**

– Елімізде университеттердегі заң факультеттерінің қазіргі даму деңгейі институционалдық жаңғыру, білім беру мазмұнының модернизациясы және ғылыми-интеграциялық үдерістердің кеңеюі арқылы сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің заң факультеті аймақтық жоғары білім беру жүйесінің маңызды құрылымдық элементі ретінде қарастырылады. Аталған факультет Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет қағидаттарына сәйкес бәсекеге қабілетті заңгер кадрларын даярлауға бағытталған. Университеттің жалпы миссиясымен үйлесімде факультет құқықтық білім беруді теориялық және практикалық компоненттердің бірлігі негізінде жүзеге асырады. Бұл бағытта білім беру бағдарламалары азаматтық, қылмыстық және әкімшілік құқық салаларын қамтып, құқықтық нормаларды қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Ғылыми-зерттеу компоненті бойынша факультетте құқықтық ғылым саласындағы қолданбалы және іргелі зерттеулер жүргізу үрдісі қалыптасқанымен, халықаралық индекстелетін жарияланымдар үлесін арттыру қажеттілігі сақталады. Бұл жағдай факультеттің ғылыми әлеуеті даму сатысында екенін көрсетеді. Еңбек нарығымен өзара байланыс тұрғысынан факультет түлектерін құқық қорғау органдары, сот жүйесі және мемлекеттік басқару салаларына даярлау арқылы кәсіби бейімдеуді қамтамасыз етеді. Дегенмен, еңбек нарығы талаптарының динамикасына сәйкес білім беру бағдарламаларын одан әрі жетілдіру қажеттілігі байқалады. М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің заң факультеті аймақтық деңгейде тұрақты кадр даярлау миссиясын тиімді орындауда, алайда жаһандық ғылыми кеңістікпен толық теңгерімді интеграцияға қол жеткізу үшін зерттеу сапасы мен интернационалдандыру бағытын күшейту қажет.

**– Қазіргі қоғамда заңгер мамандығына сұраныс қаншалықты жоғары?**

– Қазіргі кезеңде заңгер мамандығы бойынша сұраныс динамикасына үш негізгі фактор әсер етеді. Олар біріншіден, құқықтық жүйенің нормативтік базасының кеңеюі құқықтық интерпретация мен қолдану функцияларын күшейтеді, екіншіден, экономиканың әртараптануы корпоративтік құқық, салық құқығы және келісімшарттық қатынастар саласындағы мамандарға қажеттілікті арттырады, үшіншіден, цифрландыру процесі киберқұқық, дербес деректерді қорғау және электрондық коммерция салаларында жаңа құқықтық институттардың қалыптасуына алып келеді. Еңбек нарығында құқық саласы бойынша кадрлар ұсынысы жоғары болғанымен, сапалық дисбаланс байқалады, яғни жоғары білікті және тәжірибелік дағдылары бар заңгерлер ғана сұранысқа ие.

**– Заң факультетінде білім беру үдерісіне қандай жаңашылдықтар енгізілуде?**

– Заң факультеттеріндегі білім беру үдерісіне енгізіліп жатқан жаңашылдықтар қазіргі құқықтық білім берудің трансформациясы, цифрландыру және құзыреттілікке негізделген оқыту модельдерінің дамуымен тығыз байланысты. Ғылыми тұрғыдан оларды бірнеше негізгі бағытқа бөліп қарастыруға болады. Біріншіден, құзыреттілікке бағытталған білім беру моделі кеңінен енгізілуде. Бұл тәсіл студенттердің тек теориялық білімін емес, сонымен қатар құқықтық талдау жасау, құқық қолдану тәжірибесін модельдеу, сот құжаттарын дайындау сияқты практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған. Екіншіден, интерактивті және кейс-стади әдістері белсенді қолданылуда. Сот процестерін модельдеу, клиникалық білім беру студенттердің



**Ләззат Қалымбекқызының Д.И. Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университетінің ректоры Сергей Филатов бастаған делегацияны қабылдау кезі**

сыни ойлау және аргументациялық қабілеттерін күшейтеді. Үшіншіден, цифрлық технологияларды интеграциялау маңызды үрдіс болып отыр. Электрондық сот жүйелерімен жұмыс істеу, онлайн-деректер базаларын пайдалану, жасанды интеллект элементтерін құқықтық талдауға енгізу білім беру үдерісін цифрлық ортаға бейімдейді. Төртіншіден, пәнаралық интеграция күшеюде. Бесіншіден, академиялық ұтқырлық және халықаралық стандарттарға бейімделу үрдісі қалыптасты.

**– Болашақ заңгер ең алдымен қандай қасиеттерге ие болуы керек?**

– Ең алдымен, заңгерге тән негізгі когнитивтік қасиет – құқықтық ойлау жүйесі, болашақ заңгер үшін аналитикалық және сыни ойлау, кәсіби этиканың қалыптасуы. Құқықтық ойлау нақты құқықтық жағдайларды саралау, нормаларды қолдану және құқықтық шешімдерді негіздеу барысында шешуші рөл атқарады. Ал, аналитикалық және сыни ойлау қабілеті құқықтық ақпаратты құрылымдау, оның ішкі қайшылықтарын анықтау және дәлелдемелердің шынайылығын бағалау арқылы көрініс табады. Сонымен бірге, құқықтық қызметтің күрделілігіне байланысты эмоциялық тұрақтылық пен стресске төзімділік кәсіби маңызды сипатқа ие. Ол күрделі құқықтық жағдайларда объективті шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

**– Теориялық білім мен тәжірибені ұштастыру қаншалықты маңызды?**

– Ғылыми тұрғыдан алғанда, теория құбылыстардың заңдылықтары мен принциптерін жалпылама түрде түсіндіруге мүмкіндік береді, ал тәжірибе осы білімді нақты жағдайларда қолдану арқылы оның шынайылығын тексереді және бекітеді. Оқу үдерісінде тек теориялық білімді меңгеру оның абстрактілі сипатта қалып қоюына әкелуі мүмкін, ал тәжірибесіз теориялық білім толыққанды құзыреттілікті қалыптастырмайды. Теория мен тәжірибенің өзара байланысы білімнің ғылыми негізділігін, қолданбалы сипатын және тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды дидактикалық қағида болып табылады.

**– Студенттердің сот, прокуратура және құқық қорғау органдарында тәжірибеден өтуі қалай ұйымдастырылады?**

– Студенттердің сот, прокуратура және құқық қорғау органдарында өндірістік және кәсіби тәжірибеден өтуі – жоғары заң білімін беру жүйесінің ажырамас құрылымдық элементі болып табылады және болашақ заңгерлердің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Өзіміздің М.Х. Дулати атындағы

Тараз университеті жағдайында сот, прокуратура және құқық қорғау органдарында студенттердің кәсіби тәжірибеден өтуі университеттің білім беру бағдарламаларының мазмұнына интеграцияланған міндетті оқу үдерісі ретінде ұйымдастырылады. Аталған тәжірибені ұйымдастыру Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалық актілеріне, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың ведомстволық нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Университет базасында прокуратура және өзге де құқық қорғау құрылымдарымен бірлескен білім беру алаңдарының құрылуы студенттердің тәжірибелік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

**– Қазіргі жастардың құқықтық сауаттылығын қалай бағалайсыз?**

– Қазіргі жастардың құқықтық сауаттылығына ғылыми тұрғыдан «сауатты» немесе «сауатсыз» деп біржақты баға беруге болмайды. Құқықтық сауаттылық ұғымы әдетте құқықтық білім, құқықтық сана және құқықтық мінез-құлық сияқты үш негізгі компонент арқылы қарастырылады. Жалпы, құқықтық сана тұрғысынан алғанда – қазіргі жастардың кейбірі құқық пен әділеттілікке оң көзқараста болғанымен, құқықтық нормаларды сақтау мен заңға деген сенім деңгейі қоғамдағы жалпы әлеуметтік ортаға тәуелді. Ал, құқықтық мінез-құлыққа келсек, жастардың басым бөлігі заңға бағынуға бейім болғанымен, кейбір жағдайларда құқықтық нигилизм немесе формалды қатынас байқалады. Бұл көбінесе құқықтық тәрбиенің жүйесіздігімен, тәжірибелік құқықтық білімнің аздығымен және әлеуметтік-экономикалық факторлармен байланысты. Сондықтан, қазіргі жастардың құқықтық сауаттылығы даму үстінде деуге болады. Құқықтық сауаттылықты арттыру үшін мектеп пен жоғары оқу орындарында құқықтық білімді практикалық бағытта күшейту, медиа сауаттылықты дамыту және құқық қорғау институттарына деген сенімді нығайту маңызды.

**– Құқықтық мәдениетті қалыптастыруда университеттің рөлі қандай?**

– Университет құқықтық мәдениетті қалыптастыруда ерекше маңызды әлеуметтік институт ретінде қарастырылады, өйткені ол тек кәсіби білім беріп қана қоймай, студенттердің құқықтық санасы мен құқықтық мінез-құлқын жүйелі түрде дамытады. Өз университетімізге қайта оралсам, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті көпсалалы жоғары оқу орны ретінде құқық, экономика, педагогика және әлеуметтік ғылымдар бағыттарында мамандар даярлайды. Университеттің миссиясы бәсекеге қабілетті, инновациялық ойлайтын және құқықтық мәдениеті жоғары мамандарды қалыптастырумен сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, университет құқықтық мәдениетті қалыптастырудың институционалдық орталығы болып табылады. Университет құқықтық білім беруді жүйелі ұйымдастыру арқылы студенттердің құқықтық санасының когнитивтік негізін қалыптастырады.

Құқықтану білім беру бағдарламаларында мемлекет және құқық теориясы, азаматтық, қылмыстық және әкімшілік құқық сияқты пәндер оқытылады, бұл студенттердің құқықтық нормаларды ғылыми негізде түсінуіне мүмкіндік береді. Бұл процесс құқықтық білімді тек теориялық деңгейде емес, оны кәсіби қызметте қолдану деңгейінде меңгеруге жағдай жасайды. Екіншіден, университет құқықтық құндылықтарды интериоризациялау кеңістігі ретінде әрекет етеді. Оқу бағдарламалары мен пәндердің мазмұнында заңдылық, адам құқықтарын құрметтеу, әділеттілік және құқықтық жауапкершілік сияқты базалық құндылықтар қалыптастырылады. Үшіншіден, университет әлеуметтік тәжірибе арқылы құқықтық мінез-құлықты қалыптастыратын орта ретінде көрінеді. Академиялық адалдық, ішкі тәртіп ережелері және білім беру үдерісіндегі нормативтік талаптар студенттерді құқықтық тәртіпті күнделікті практикада сақтауға үйретеді. Жалпы, университет ғылыми-аналитикалық ойлауды дамыту арқылы құқықтық мәдениеттің рефлексивтік деңгейін қалыптастырады. Кейс – талдау, ғылыми зерттеу жұмыстары және құқықтық мәселелерді талқылау студенттердің құқықтық құбылыстарды сыни тұрғыдан бағалау қабілетін дамытады. Бұл құқықтық нигилизмнің алдын алудың маңызды факторы болып табылады.



**М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінде «Текстиль дизайны» білім беру орталығының салтанатты ашылу сәті**

**– Цифрлық құқық, киберқауіпсіздік секілді жаңа бағыттар бойынша маман даярлау жоспарда бар ма?**

– Цифрлық құқық және киберқауіпсіздік бағыттары бойынша мамандар даярлау қазіргі жаһандық цифрландыру үдерісінің нәтижесінде қалыптасқан жоғары білім беру жүйесіндегі құрылымдық-институционалдық өзгерістердің маңызды құрамдас бөлігі. Кадрлар даярлау процесі құзыреттілікке негізделген білім беру моделіне сүйенеді. Бұл модель когнитивтік, функционалдық, аналитикалық және цифрлық құзыреттердің интеграциясын көздейді. Институционалдық деңгейде бұл бағыттардың дамуы жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын жаңғыртуы және ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын кеңейтуі арқылы жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасында да бұл үдеріс білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясымен қатар дамып келеді. Цифрлық құқық және киберқауіпсіздік мамандарын даярлау қазіргі білім беру жүйесінің пәнаралық интеграцияға, цифрлық құзыреттерді қалыптастыруға және ақпараттық қоғамның құқықтық-техникалық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық даму бағыты ретінде қарастырылады.

**– Қазақстандағы құқықтық реформалар заңгер мамандарды даярлауға қалай әсер етуде?**

– Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформалар заңгер кадрларын даярлау жүйесіне құрылымдық, мазмұндық және әдіснамалық тұрғыдан елеулі ықпал етіп отыр. Бұл үдеріс құқықтық білім берудің парадигмалық трансформациясымен сипатталады және оны ғылыми тұрғыдан бірнеше негізгі аспектілерде қарастыруға болады. Біріншіден, құқықтық білім мазмұнының жаңғыруы жүзеге асуда. Құқықтық жүйедегі институционалдық өзгерістер, мәселен, сот жүйесін реформалау, әкімшілік әділет институтын енгізу, цифрлық құқықтық инфрақұрылымды дамыту сияқты білім беру бағдарламаларының мазмұнын қайта құрылымдауға алып келді. Нәтижесінде оқу жоспарларына адам құқықтары, әкімшілік рәсімдік құқық, цифрлық құқық, комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық сияқты жаңа ғылыми-оқу модульдері енгізілуде. Екіншіден, құзыреттілікке негізделген білім

беру моделінің орнығуы байқалады. Қазіргі құқықтық реформалар заңгерлердің кәсіби қызметінде тек теориялық білімді емес, сонымен қатар практикалық дағдылар мен аналитикалық қабілеттерді талап етеді. Үшіншіден, құқық қолдану практикасы мен білім беру арасындағы интеграция күшеюде. Осыған байланысты прокуратура, сот және адвокатура институттарының жаңғыруы заң факультеттерінің оқу мазмұнына тікелей әсер етуде. Төртіншіден, цифрландыру үдерісі заңгер даярлау жүйесінің маңызды факторына айналуда. Электрондық сот төрелігі, цифрлық құжат айналымы және деректерді құқықтық талдау жүйелерінің енгізілуі құқықтық білім беруде жаңа құзыреттердің қалыптасуын талап етеді. Соның нәтижесінде құқықтық информатика, киберқұқық және цифрлық қауіпсіздік элементтері оқу бағдарламаларына енгізілуде. Бесіншіден, халықаралық стандарттарға бейімделу үдерісі байқалады. Құқықтық реформалар аясында жоғары білім беру жүйесінің интернационализациясы күшейіп, академиялық ұтқырлық, қос дипломды бағдарламалар және ағылшын тіліндегі құқықтық пәндердің үлесі артуда. Бұл қазақстандық құқықтық білім берудің жаһандық құқықтық кеңістікке интеграциялануын қамтамасыз етеді.

**– Заң факультетінің түлектері қандай салаларда табысты еңбек етіп жүр?**

– Мемлекеттік секторда заң факультетінің түлектері құқық қолдану және құқық қорғау функцияларын атқаратын институттарда шоғырланған. Бүгінгі таңда М.Х. Дулати атындағы Тараз университетін тәмамдаған заңгерлер қатарынан Сергей Громов, Талғат Ешенқұлов, Евгения Ким, Марат Қарабаев сияқты тұлғаларды атауға болады.

**– Жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу үшін қандай жұмыстар жүргізілуі керек деп ойлайсыз?**

– Жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу қазіргі қоғам үшін әлеуметтік-құқықтық маңызы жоғары мәселе болып табылады. Бұл құбылыстың алдын алу кешенді, жүйелі және көпдеңгейлі тәсілді талап етеді. Құқықтық ағартушылық жұмыстарын, отбасы институтының рөлін күшейту қажет. Жастарды спорттық секциялар, шығармашылық үйірмелер және волонтерлік қозғалыстарға тартып, психологиялық қолдау жүйесін дамыту қажет.

**– Соңғы жылдары сіз басқарып отырған университет қандай маңызды жетістіктерге қол жеткізді?**

– Қазіргі таңда М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті жоғары білім беру мен ғылыми-зерттеу қызметін дамыту бағытында жүйелі институционалдық трансформацияны жүзеге асырып келеді. Атап айтқанда, университеттің ғылыми-зерттеу әлеуеті артып, қолданбалы және өңірлік бағыттағы зерттеулердің үлесі ұлғайды. Академиялық интернационалдану деңгейі біртіндеп өсуде. Университет халықаралық рейтингтік жүйелерге (QS Asia University Rankings, Times Higher Education Impact Rankings) қатысу арқылы өзінің ғылыми және білім беру көрсеткіштерін жаһандық өлшемдерде бағалауға мүмкіндік алды. Бұл өз кезегінде жарияланым белсенділігінің, академиялық көрінудің және институционалдық беделдің артуына ықпал етеді. Инфрақұрылымдық және басқарушылық модернизация жүзеге асырылуда.

Университетте оқу-ғылыми зертханалар желісі кеңейтіліп, цифрлық білім беру платформалары енгізілуде. Бүгінде университет тек білім беру ұйымы емес. Біз М.Х. Дулати атындағы Тараз университетін Оңтүстік Қазақстанның инновациялық-индустриялық хабы ретінде дамытудамыз. Бұл модель білім, ғылым, өндіріс және өңірлік экономиканы біріктіруге бағытталған. Университеттің басты мақсаты – аймақтың индустриялық және ғылыми әлеуетін күшейтетін заманауи кадрлар даярлау және инновациялық экожүйе қалыптастыру. Университет өңірдегі ірі индустриялық серіктестермен жүйелі жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда, металлургия, химия, агроөнеркәсіп және цифрлық технология бағыттарында жаңа білім беру бағдарламалары мен қолданбалы ғылыми жобалар жүзеге асырылуда. Kazphosphate, Fufeng Group сияқты ірі компаниялармен әріптестік аясын-

да өндірістік тәжірибе алаңдары кеңейтіліп, өңір экономикасына қажетті мамандар даярлау жұмыстары күшейтілуде. Бүгінде университеттің 192 халықаралық серіктесі бар. Біз қос дипломды бағдарламаларды, академиялық ұтқырлықты және ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларын дамытудамыз. Сонымен қатар халықаралық рейтингтік жүйелердегі позициямызды нығайту бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Біздің басты көрсеткіштеріміздің бірі – түлектердің еңбек нарығындағы сұранысы.

Қазіргі таңда университет түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі 74 пайыздан жоғары. Бұл білім беру бағдарламаларының еңбек нарығымен тығыз байланыста қалыптасып жатқанын көрсетеді. Жасанды интеллект пен цифрлық трансформация қазіргі жоғары білім беру жүйесінің негізгі бағытына айналды. Университетте AI элементтері оқу процесіне кезең-кезеңімен енгізілуде. Aisana жобасы аясында студенттеріміз жаңа цифрлық құзыреттерді игеруде. Бірінші кезеңде 3513 студент қатысып, екінші кезеңде 670 студент арнайы курстардан өтуде. Университетте ғылыми зертханалар мен қолданбалы зерттеу бағыттары дамып келеді. Болашақта бұл жобалар өңірлік технопарк пен инновациялық экожүйенің негізіне айналуы тиіс. Сонымен қатар Ресей химия-технологиялық университетімен халықаралық серіктестік орнату өңірдің индустриялық кадрлық әлеуетін күшейтуге мүмкіндік береді.

**– Аймақтық университеттердің ел дамуындағы рөлін қалай бағалайсыз?**

– Аймақтық университеттердің ел дамуына қосатын үлесін ғылыми тұрғыдан бағалағанда, оларды тек білім беру ұйымы ретінде емес, өңірлік экономикалық, әлеуметтік және инновациялық экожүйенің негізгі институты ретінде қарастыру қажет. Аймақтық университеттер адам капиталын қалыптастырудың негізгі орталығы болып табылады. Еліміздегі көптеген аймақтық университеттер ғылыми-зерттеу орталықтары, технопарктер және стартап-инкубаторлар арқылы жергілікті кәсіпорындармен байланыс орнатады. Сондай-ақ, аймақтық университеттер әлеуметтік тұрақтылықты арттырады. Олар жастарға жоғары білімге қолжетімділікті кеңейтіп, әлеуметтік мобильділікті қамтамасыз етеді. Аймақтық университеттер – тек білім беру институты емес, өңірлік даму саясатының стратегиясын қалыптастырады. Олар адам капиталын, инновацияны және әлеуметтік тұрақтылықты қатар дамыта отырып, елдің теңгерімді экономикалық өсуіне тікелей ықпал етеді.

**– Сіздің өмірлік ұстанымыңыз қандай? Басшылық қызметте ең маңызды қасиет не деп ойлайсыз?**

– Менің ұстанымым – білімге негізделген даму бағыты, ал басшылық қызметтегі негізгі қасиет – стратегиялық ойлау мен жоғары жауапкершілік болып табылады. Университет ректоры ретінде мен үшін басты құндылық – білім беру сапасын арттыру, академиялық адалдықты сақтау және университеттің ғылыми-инновациялық әлеуетін дамыту. Бұл ұстаным басқарушылық шешімдер қабылдау барысында дәлелді деректерге сүйенуді және ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарды басшылыққа алуды талап етеді. Басшылық қызметте ең маңызды қасиет ретінде мен стратегиялық ойлау мен жауапкершілікті атап өтемін.

Ғылыми-ұйымдастырушылық тұрғыдан алғанда, ректордың қызметі тек әкімшілік басқарумен шектелмейді, ол жоғары білім беру жүйесінің дамуын болжау, ресурстарды тиімді бөлу және академиялық қауымдастықтың мүдделерін үйлестіруді қамтиды. Стратегиялық ойлау университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік берсе, жауапкершілік қабылданған шешімдердің сапасы мен нәтижелілігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінде ашықтық, академиялық еркіндік және инновацияға бейімділік те маңызды рөл атқарады. Дегенмен, осы қасиеттердің барлығы ректордың кәсіби жауапкершілігі аясында жүзеге асады, себебі ол университеттің тұрақты дамуы мен қоғам алдындағы беделіне тікелей әсер етеді.

**– Уақыт тауып, ой бөлiскеніңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ,**
**журналист**

# ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА НАРУШЕНИЕ ПРАВ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ В КАЗАХСТАНЕ И ЗАРУБЕЖОМ

*Современные процессы цифровизации общественных отношений обусловливают необходимость исследования ответственности цифровых платформ за нарушение прав несовершеннолетних, что связано с ростом использования детьми и подростками социальных сетей, видеохостингов, мессенджеров и иных цифровых платформ. С одной стороны, данные технологии расширяют возможности получения информации, образования и коммуникации, с другой — повышают риски кибербуллинга, распространения вредоносного контента, нарушения права на неприкосновенность частной жизни и незаконного использования персональных данных несовершеннолетних.*

В Казахстане вопросы функционирования онлайн-платформ регулируются Законом РК «Об онлайн-платформах и онлайн-рекламе» [1], одной из задач которого прямо названа «Защита детей от вредной информации на онлайн-платформах». Законодательство также предусматривает специальные механизмы защиты детей от информации, причиняющей вред их здоровью и развитию, включая требования к распространению контента посредством сетей телекоммуникаций и онлайн-платформ.

Законодательство Республики Казахстан в последние годы демонстрирует тенденцию к усилению регулирования цифровой среды и повышению ответственности онлайн-платформ. В частности, действует Закон РК «Об онлайн-платформах и онлайн-рекламе», а также принят Цифровой кодекс Республики Казахстан [2], закрепляющий принципы защиты прав и законных интересов личности в цифровой среде. Дополнительно обсуждаются новые меры по усилению защиты несовершеннолетних на цифровых площадках, включая ограничения регистрации детей на отдельных интернет-платформах.

Формирование цифрового общества в Республике Казахстан все стороны и аспекты социальной жизни и культуры претерпевают существенные трансформации, позволяя повысить эффективность, скорость и качество услуг, а также расширить доступ к информации и знаниям, при котором как показала практика жизнь несовершеннолетних тесно связана с использованием цифровых платформ.

В то же время несовершеннолетние по причине незавершенного процесса формирования личности и самосознания – наиболее уязвимые пользователи цифровых платформ, которое охватывает использование интернета.

Положительное и отрицательное влияние интернета на несовершеннолетних связано с тем, что он является глобальной сетью, способной к передаче информации, которая

может быть использована как для развития и созидания, так и для разрушения и деградации, что требует усовершенствования законодательных актов в данной сфере.

Надо отметить, защита прав и законных интересов несовершеннолетних является одним из приоритетных направлений государственной социально-правовой политики Казахстана и закреплено в п. 1 ст. 27 Конституции РК [3], где приведено: «Брак и семья, материнство, отцовство и детство находятся под защитой государства».

Кроме этого, в настоящее время рассматривается адаптация уголовного законодательства Республики Казахстан по вопросам ответственности цифровых платформ, связанных с нарушением прав несовершеннолетних. С 18 января 2026 года вступили в силу изменения в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях [4], связанных с использованием искусственного интеллекта, 17 ноября 2025 года был принят Закон РК «Об искусственном интеллекте» [5].

На основании приведенных требований времени в Казахстане с июня 2025 года, с учетом европейского опыта – Закона Европейского союза о цифровых услугах (Digital Services Act) [6], германского Закона «О сетевом обеспечении» (NetzDG) [7], британского Закона «О безопасности в интернете» (Online Safety Act) [8] – разработан проект поправок «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты по вопросам онлайн-платформ и масс-медиа», который в настоящее время находится на рассмотрении Сената Парламента Республики Казахстан.

Данный законопроект был разработан на опыте ведущих стран мира в сфере высоких технологий и если провести сравнительно-правовой анализ законов этих стран, то можно увидеть следующее.

Так, в Австралии с декабря 2025 года введен запрет до 16 лет на использование социальных сетей несовершеннолетними, при котором под ограничение попали 10 цифровых платформ, при котором за нарушения данного запрета наказанию в виде штрафа подлежат не сами несовершеннолетние, не их родители, а держатели цифровых платформ, что накладывает прямые обязанности на них по принятию мер, связанных с установлением возраста пользователя.

В Дании с ноября 2025 года введен запрет до 15 лет на использование социальных сетей несовершеннолетними.

Во Франции с января 2026 года рассматривается законопроект по запрету младше 15 лет на использование социальных сетей несовершеннолетними, при этом не накладывая обязательств на держателей цифровых платформ, связанных с установлением возраста пользователей. Принятие такого законопроекта Францией обусловлено тем, что деятельность держателей цифровых платформ регулируется законодательством Европейского Союза [6].

Необходимо отметить, что практика наказаний за несоблюдение, приведенных выше законодательств, предусматривает как временную блокировку сервисов, так и существенные штрафы в абсолютных значениях [7].

При всех этих приведенных выше законодательствах ведущих стран мира, в законопроекте Республики Казахстан предусмотрен запрет на регистрацию несовершеннолетних в социальных сетях, которое, по нашему мнению, накладывает обязательства на держателей цифровых платформ по установлению возраста пользователя.

Обращает внимание, что многие держатели цифровых платформ находятся за пределами Республики Казахстан, при котором исполнение данных запретов потребует механизмов по блокировке сервисов, применению штрафа, а также возможного применения мер гражданско-правовой ответственности в соответствии с положениями Гражданского кодекса РК [9].

Такого рода сравнительно-правовой анализ, по нашему мнению, когда все приведенные выше законы и законопроекты направлены на защиту прав несовершеннолетних в сфере высоких технологий, было бы целесообразно инициирования Министерством иностранных дел Республики Казахстан дополнений в Конвенцию ООН «О правах ребенка» [10], что улучшило бы эф-

фективность такого рода закона в мировом масштабе.

Анализ законодательства Республики Казахстан и зарубежных стран показал, что международная практика развивается в направлении усиления обязанностей цифровых платформ по предотвращению распространения противоправного и вредоносного контента, обеспечению защиты персональных данных несовершеннолетних, внедрению механизмов возрастной верификации и оперативного реагирования на случаи нарушения прав детей в цифровой среде. Зарубежный опыт свидетельствует о постепенном переходе от модели ограниченной ответственности платформ к модели их повышенной социальной и юридической ответственности.

В Республике Казахстан правовое регулирование деятельности цифровых платформ находится на стадии активного развития. Несмотря на принятие специальных нормативных правовых актов, сохраняются отдельные проблемы, связанные с недостаточной определенностью объема ответственности платформ, отсутствием единых стандартов модерации контента, несовершенством механизмов контроля за обработкой персональных данных несовершеннолетних и недостаточной эффективностью процедур удаления вредной информации.

В связи с этим представляется необходимым дальнейшее совершенствование национального законодательства путем уточнения правового статуса цифровых платформ, установления более четких обязанностей по защите прав несовершеннолетних, развития механизмов цифровой безопасности, а также использования положительного зарубежного опыта с учетом национальных особенностей правовой системы Казахстана.

Таким образом, обеспечение эффективной ответственности цифровых платформ является важным условием защиты прав несовершеннолетних в цифровую эпоху и требует комплексного взаимодействия государства, общества и владельцев цифровых сервисов в целях формирования безопасной и справедливой цифровой среды.

**Г. НУРАХМЕТОВА,**
**к.ю.н., доцент**
**кафедры гражданского права,**
**гражданского процесса и трудового права**
**юридического факультета**
**КазНУ имени аль-Фараби**

**А. ИГЕН,**
**магистрант 1-курса**
**юридического факультета**
**КазНУ имени аль-Фараби**

**СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ**

Закон Республики Казахстан «Об онлайн-платформах и онлайн-рекламе» от 10 июля 2023 года № 18-VIII ЗРК.

Кодекс Республики Казахстан от 9 января 2026 года № 255-VIII «Цифровой кодекс Республики Казахстан».

Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 19.09.2022 г.).

Кодекс Республики Казахстан об административных от 5 июля 2014 г. № 235-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 21.01.2026 г.).

Закон Республики Казахстан «Об искусственном интеллекте» от 14 января 2026 года.

Regulation (EU) 2022/2065 of the European Parliament and of the Council of 19 October 2022 on a Single Market for Digital Services (Digital Services Act).

Netzwerkdurchsetzungsgesetz (NetzDG) vom 1. September 2017 (BGBl. I S. 3352).

Online Safety Act 2023. London: The Stationery Office, 2023.

Гражданский кодекс Республики Казахстан (общая часть) (принят Верховным Советом Республики Казахстан 27 декабря 1994 года ) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 20.11.2025 г.).

Конвенция о правах ребенка: принята резолюцией 44/25 Генеральной Ассамблеи ООН от 20 ноября 1989 г.

# ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Қазіргі таңда қоғамның қарқынды дамуы, ақпараттық технологиялардың кеңінен таралуы және жаһандану үдерісі жастардың өміріне үлкен өзгерістер әкелді. Бүгінгі жас ұрпақ әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланып, қоғамдық қатынастарға ерте араласып, құқықтық, саяси және әлеуметтік мәселелерге жиі тап болады. Осындай жағдайда жастардың құқықтық сауаттылығы қоғамның маңызды мәселелерінің біріне айналып отыр.*

Құқықтық сауаттылық – адамның өз құқықтары мен міндеттерін білуі, заң талаптарын түсінуі және құқықтық нормаларды күнделікті өмірде дұрыс қолдана алуы. Құқықтық білім қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықтың негізі болып саналады. Заңды білетін адам өз құқығын қорғай алады, заң бұзушылықтан сақтанады және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінеді.

Жастар арасындағы құқықтық сауаттылықтың маңызы, әсіресе, қазіргі кезеңде арта түсті. Себебі, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық, интернет алаяқтық, буллинг, кибербуллинг, есірткі саудасы, діни экстремизм және әлеуметтік желілер арқылы таралатын заңсыз ақпараттар жастардың қауіпсіздігіне елеулі қауіп төндіруде. Көп жағдайда мұндай мәселелердің туындауына құқықтық білімнің жеткіліксіздігі себеп болады.

Қазақстанда құқықтық мемлекет құру идеясы тәуелсіздік алған жылдардан бастап басты бағыттардың бірі ретінде қарастырылды. 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды мемлекеттің негізгі міндеті ретінде бекітті. Конституцияның 1-бабында Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратыны көрсетілген. Бұл құқықтық мәдениеті жоғары қоғам қалыптастырудың негізін қалады.

Сонымен қатар, елімізде жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған бірқатар заңдар мен мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Атап айтсақ, ҚР «Баланың құқықтары туралы» заң (2002 ж.), ҚР «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың профилактикасы туралы» заң (2004 ж.), ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң (2015 ж.), 2023–2029 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы, «Адал азамат» және құқықтық мәдениетті дамыту, т.б. бағдарламалар.

Бұл құжаттар жастардың құқықтық санасын қалыптастыруға, олардың заң алдындағы жауапкершілігін арттыруға және құқықтық тәрбие беруге бағытталған.

Құқықтық сауаттылық мәселесін көптеген отандық және шетелдік ғалымдар зерттеген. Мысалы, құқықтанушы ғалым С.Зиманов құқықтық мемлекеттің қалыптасуы азаматтардың құқықтық мәдениетімен тікелей байланысты екенін атап көрсеткен. Ал академик Ғ.Сапарғалиев құқықтық тәрбие қоғамдағы заң үстемдігін қамтамасыз етудің негізгі құралы екенін айтқан. Шетелдік зерттеушілер де жастар арасындағы құқықтық білім деңгейінің жоғары болуы қылмыс деңгейінің төмендеуіне ықпал ететінін дәлелдейді.

Соңғы жылдары жүргізілген әлеуметтік зерттеулер жастардың құқықтық білім деңгейінде бірқатар мәселелер бар екенін көрсетті. Кейбір жастар өздерінің еңбек құқықтарын, тұтынушы ретіндегі құқықтарын немесе интернеттегі қауіпсіздік ережелерін толық білмейді. Бұл олардың алаяқтыққа, заңсыз әрекеттерге немесе құқықтарының бұзылуына тап болуына тікелей әсер етеді.

Зерттеудің өзектілігі – қазіргі қоғамда жастар арасындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру қажеттілігінің артуымен түсіндіріледі. Құқықтық сауатты ұрпақ қалыптастыру – құқықтық мемлекетті дамытудың және қоғамдағы тұрақтылықты сақтаудың маңызды шарты.

Бұл зерттеу жастар арасындағы құқықтық сауаттылықтың маңызын анықтау және оны қалыптастырудың тиімді жолдарын талдау мақсатын көздейді.

Зерттеу міндеттеріне құқықтық сауаттылық ұғымының мәнін анықтау, жастар арасындағы құқықтық мәдениеттің маңызын талдау, Қазақстан Республикасындағы құқықтық тәрбие жүйесін қарастыру, жастардың құқықтық білімін арттыру жолдарын ұсыну кіреді.

Зерттеу нысаны ретінде қазіргі қоғамдағы жастардың құқықтық сауаттылығы қарастырылады.

Зерттеу пәні – «Жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру және құқықтық тәрбиені дамыту мәселелері».

Осы зерттеу жастардың құқықтық білім деңгейін арттырудың қоғам үшін маңызын айқындауға бағытталған. Құқықтық сауатты жастар елдің тұрақтылығы мен әділетті қоғамның кепілі.

Мұндағы материалдар мен әдістер зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі – құқықтану, әлеуметтану және педагогика саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сүйенеді. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері, мемлекеттік бағдарламалар және халықаралық ұйымдардың материалдары пайдаланылды.

Зерттеу барысында келесі ғылыми әдістер қолданылды:

1) Теориялық талдау әдісі – құқықтық сауаттылық ұғымын, құқықтық мәдениеттің ерекшеліктерін және жастар тәрбиесіндегі рөлін анықтау мақсатында ғылыми әдебиеттер мен құқықтық дереккөздерге талдау жасалды.

2) Салыстырмалы талдау әдісі – Қазақстандағы және шетел мемлекеттеріндегі құқықтық тәрбие беру тәжірибелері салыстырылды.

3) Құқықтық талдау әдісі – Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Баланың құқықтары туралы» заң және жастар саясатына қатысты нормативтік актілер зерттелді.

4) Әлеуметтік талдау әдісі – жастар арасындағы құқықтық мәдениет деңгейіне қатысты әлеуметтік зерттеулер мен статистикалық мәліметтер қарастырылды.

5) Бақылау әдісі – жастардың әлеуметтік желілердегі және қоғамдық ортадағы құқықтық мінез-құлқы сарапталды.

Зерттеу материалдары ретінде ғылыми мақалалар, құқықтық құжаттар, ресми статистикалық мәліметтер және халықаралық ұйымдардың есептері пайдаланылды.

Құқықтық сауаттылық ұғымы және оның ерекшеліктері

Құқықтық сауаттылық – азаматтың заңдарды білуі, құқықтық нормаларды түсінуі және оларды өмірде дұрыс қолдана алуы. Құқықтық сауаттылық адамның құқықтық мәдениетінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Құқықтық мәдениет қоғамдағы тәртіп пен заңдылықты сақтауға ықпал етеді. Заңды білетін адам құқық бұзушылықтан сақтанып қана қоймай, өз құқығын да қорғай алады.

Жастардың құқықтық сауаттылығы мына бағыттарды қамтиды:

* азаматтық құқықтар;
* еңбек құқықтары;
* білім алу құқығы;
* интернет қауіпсіздігі;
* әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік.

Қазіргі таңда жастардың құқықтық сауаттылығы тек дәстүрлі құқықтық біліммен шектелмейді. Интернеттің дамуына байланысты цифрлық құқықтар мен ақпараттық қауіпсіздік мәселелері де маңызды орын алуда.

### *ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ*

Жастардың құқықтық білім деңгейі қоғамның дамуына тікелей әсер етеді. Құқықтық сауатты жас ұрпақ заңды құрметтейді, қоғамдық тәртіпті сақтайды және мемлекет дамуына белсенді қатысады.

Құқықтық сауаттылықтың негізгі маңыздары:

1) Құқықбұзушылықтың алдын алу – заңды білетін жастар құқыққа қайшы әрекеттердің салдарын түсінеді. Бұл қылмыс деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді.

2) Өз құқықтарын қорғау – құқықтық білім жастарға еңбек қатынастарында, оқу орындарында және қоғамдық ортада өз құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді.

3) Азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру – құқықтық мәдениеті жоғары жастар қоғам өміріне белсенді араласып, әділеттілік пен заңдылықты қолдайды.

4) Интернеттегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету – қазіргі жастар интернетті белсенді қолданатындықтан, құқықтық білім кибербуллингтен, интернет алаяқтықтан және жалған ақпараттан қорғануға көмектеседі.

### *ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІ*

Қазақстанда құқықтық тәрбие беру мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып табылады. Мектептерде «Құқық негіздері» пәні оқытылады. Сонымен қатар, колледждер мен жоғары оқу орындарында құқықтық мәдениетке бағытталған арнайы іс-шаралар өткізіледі.

Мемлекет жастар саясаты арқылы құқықтық мәдениетті дамытуға ерекше көңіл бөлуде. Соңғы жылдары құқықтық ағарту жобалары, жастар форумдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы акциялар, құқықтық кеңес беру бағдарламалары ұйымдастырылуда.

Қазақстанда құқықтық мемлекетті қалыптастыруда жастардың рөлі ерекше. Сондықтан, құқықтық тәрбие отбасы, мектеп және қоғам тарапынан бірлесіп жүргізілуі қажет.

### *ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ*

Жастардың құқықтық мәдениетін дамыту үшін келесі шараларды жүзеге асыру маңызды:

* мектептерде құқықтық білім беру сапасын арттыру;

* әлеуметтік желілер арқылы құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

* тегін құқықтық кеңес беру орталықтарын көбейту;

* жастар арасында құқықтық форумдар мен дебаттар өткізу;

* интернет қауіпсіздігі бойынша арнайы тренингтер ұйымдастыру.

Сонымен қатар, ата-аналардың құқықтық тәрбиедегі рөлі де маңызды. Отбасындағы тәрбие құқықтық мәдениеттің алғашқы негізін қалыптастырады.

Қорыта келе айтарымыз, жастар арасындағы құқықтық сауаттылық – қазіргі қоғамның маңызды мәселелерінің бастысы. Құқықтық білім жастардың заңды құрметтеуіне, өз құқықтарын қорғауына және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуіне ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері құқықтық мәдениетті қалыптастыру қоғамдағы тұрақтылық пен заңдылықты нығайтатынын көрсетті. Сонымен қатар, жастардың құқықтық сауаттылығы құқықбұзушылықтың алдын алудың тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері негізінде келесі қорытындылар жасалды:

- жастардың азаматтық санасын қалыптастырудағы құқықтық сауаттылықтың маңызы;
- заңды білу құқықбұзушылықтың алдын алуға көмектеседі;
- Қазақстанда құқықтық тәрбие жүйесі қалыптасқан;
- интернет дәуірінде цифрлық құқықтық мәдениетті дамыту маңызды;
- құқықтық сауатты жастар – ел болашағының кепілі.

Болашақта жастардың құқықтық мәдениетін арттыру үшін құқықтық білім беру жүйесін жетілдіру, заманауи технологияларды пайдалану және құқықтық насихатты күшейту қажет. Бұл шаралар құқықтық мемлекет қалыптастыруға және қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға мүмкіндік береді.

**Алуа ҒАБИТОВА,**
**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің оқытушысы, з.ғ.м.**

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана: Ақорда, 1995. – 98 б. [Қазақстан Республикасының Конституциясы](https://www.akorda.kz/kz/constitution-of-the-republic-of-kazakhstan-50912?utm_source=chatgpt.com)
2. Қазақстан Республикасының «Баланың құқықтары туралы» заңы – 8 тамыз 2002 жыл №345-II. – Астана, 2002. [«Баланың құқықтары туралы» заң (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_?utm_source=chatgpt.com)
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы – 27 шілде 2007 жыл №319-III. – Астана, 2007. [«Білім туралы» заңы](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_?utm_source=chatgpt.com)
4. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы – 9 ақпан 2015 жыл №285-V. – Астана, 2015. [«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285?utm_source=chatgpt.com)
5. Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасы туралы» заңы. – Астана, 2004. [Құқықбұзушылық профилактикасы туралы заң](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000591_?utm_source=chatgpt.com)
6. Салық Зиманов Қазақтың құқықтық жүйесі. – Алматы: «Жеті жарғы» баспасы 2018. – 320 б.
7. Ғайрат Сапарғалиев Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. – Алматы: «Жеті жарғы» баспасы 2019. – 480 б.
8. Нұртазина Нұргүл Құқықтық мәдениет негіздері. – Астана: «Фолиант» баспасы 2021. – 210 б.
9. UNESCO Global Citizenship Education: Preparing Learners for the Challenges of the 21st Century. – Paris: UNESCO Publishing, 2021. [UNESCO ресми сайты](https://www.unesco.org?utm_source=chatgpt.com)
10. United Nations Youth Social Inclusion and Legal Awareness Report. – New York: UN Publications, 2022. [United Nations ресми сайты](https://www.un.org?utm_source=chatgpt.com)
11. UNICEF Adolescent Development and Participation Report. – New York, 2023. [UNICEF ресми сайты](https://www.unicef.org?utm_source=chatgpt.com)
12. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Жастардың құқықтық мәдениетін дамыту жөніндегі әдістемелік материалдар. – Астана, 2023. [Ғылым және жоғары білім министрлігі](https://www.gov.kz/memleket/entities/sci?utm_source=chatgpt.com)

***АҢДАТПА***

*Бұл жұмыста жастар арасындағы құқықтық сауаттылықтың маңызы қарастырылады. Қазіргі қоғамда құқықтық білім жас ұрпақтың өз құқықтары мен міндеттерін дұрыс түсінуіне, заң талаптарын сақтауға және құқық бұзушылықтың алдын алуға ықпал етеді. Сонымен қатар, құқықтық мәдениетті қалыптастырудың негізгі жолдары мен оның қоғам дамуына әсері сипатталады.*

***Кілттік сөздер:*** *құқықтық сауаттылық, жастар, құқықтық мәдениет, заң, құқық бұзушылық, қоғам, құқықтық білім.*

***АННОТАЦИЯ***

*В данной работе рассматривается значение правовой грамотности среди молодежи. В современном обществе правовые знания помогают молодому поколению понимать свои права и обязанности, соблюдать законы и предотвращать правонарушения. Также описываются основные пути формирования правовой культуры и её влияние на развитие общества.*

***Ключевые слова:*** *правовая грамотность, молодежь, правовая культура, закон, правонарушение, общество, правовое образование.*

***ANNOTATION***

*This paper discusses the importance of legal literacy among young people. In modern society, legal knowledge helps the younger generation understand their rights and responsibilities, obey laws, and prevent offenses. The work also describes the main ways of developing legal culture and its impact on social development.*

***Keywords:*** *legal literacy, youth, legal culture, law, offense prevention, society, legal education.*

# АДМИНИСТРАТИВНАЯ ЮСТИЦИЯ: ОРИЕНТИРЫ РАЗВИТИЯ

*Период с 2021 по 2025 годы стал важным этапом институционального становления административной юстиции и формирования устойчивой правоприменительной практики в публично-правовой сфере. Введение и практическая реализация Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан задали новые стандарты судебной защиты, усилив роль суда как активного гаранта прав и законных интересов граждан и бизнеса.*



**Аманжан ДЖАСУЗАКОВ,**
**председатель Специализированного межрайонного административного суда Жамбылской области**

Введение в действие АППК и создание специализированных межрайонных административных судов существенно повлияло на качество и эффективность судебной защиты граждан и бизнеса. Если до введения АППК уровень удовлетворяемости исков по обжалованию административных актов, действий (бездействий) административных органов и должностных лиц в рамках гражданского судопроизводства не превышал 15 процентов, то после формирования указанных судов данный показатель увеличился в три-четыре раза.

В нашем суде доля удовлетворенных исков по административным делам стабильно превышает 50 процентов, что свидетельствует о реальном укреплении судебного контроля за публичной администрацией и повышении стандартов правоприменения.

Так, например, из числа рассмотренных судом по существу 1 227 споров восстановлены права 680 истцов.

На удовлетворяемость исков повляли

закрепленные в АППК новые принципы административного судопроизводства, одним из которых является активная роль суда, включающая в себя совершение судом таких процессуальных действий, как сбор доказательств по собственной инициативе; высказывание предварительного правового мнения по делу; оказывание содействие истцу на всех стадиях процесса; право суда не ограничиваться доводами иска, а также особенностью доказывания, имеющее свою специфику, то есть когда адморган или должностное лицо должны доказать законность и обоснованность своего решения, действия или бездействия, что именуется презумпцией виновности.

Одним из ключевых направлений работы суда в указанный период стало обеспечение реального действия принципов административного судопроизводства. Судебная практика последовательно ориентировалась на необходимость всестороннего и полного выяснения обстоятельств дела, возложение бремени доказывания законности административных актов на государственные органы и обеспечение равенства процессуальных возможностей сторон.

Наряду с этим, судом активно применялся институт письменного производства как эффективная форма разрешения административных споров при соблюдении всех процессуальных гарантий. Так, с 2021 по 2025 годы в письменном производстве рассмотрено 325 административных дел, что способствовало оперативности судопроизводства, снижению процессуальных издержек и повышению доступности правосудия.

Особое внимание уделялось качеству судебных актов. Судебные решения и определения формировались с учетом необходимости не только разрешения конкретного спора, но и предупреждения аналогичных нарушений в будущем.

Важным элементом судебной деятельности стало вынесение частных определений в случаях выявления системных нарушений законодательства, ненадлежащего исполнения должностных обязанностей либо пробелов в деятельности административных органов. Частные определения рассматривались судом как мера правового реагирования, направленная не на формальное указание на допущенные ошибки, а на их устранение и предупреждение повторных нарушений.

Практика показала, что данный инструмент способствует повышению дисциплины административных органов, формированию более ответственного подхода к принятию управленческих решений и укреплению принципа законности.

Так, за вышеуказанный период Специализированным межрайонным административным судом Жамбылской области вынесено 267 частных определений, по результатам рассмотрения которых приняты меры в отношении 190 должностных лиц, среди которых акимы районов, руководители территориальных административных органов, частные судебные исполнители.

В целях обеспечения надлежащего процессуального поведения участников административного процесса судом применялись меры процессуального принуждения, в том числе денежные взыскания. Их применение носило взвешенный и исключительный характер и было направлено на пресечение злоупотребления процессуальными правами, неисполнение законных требований суда, обеспечение уважения к закону, суду и участникам процесса.

При этом суд исходил из того, что меры процессуального принуждения не являются карательным инструментом, а служат обеспечению эффективности и добросовестности участников процесса в административном судопроизводстве.

С июля 2021 года судом применено 122 денежных взысканий в отношении должностных лиц на общую сумму более десяти миллионов тенге, и, согласно статистическим данным, наблюдается увеличение применения судом данной меры процессуального принуждения.

Параллельно с развитием правоприменительной практики судом ведется системная работа по использованию цифровых

технологий. Расширение электронного судопроизводства, дистанционного участия в судебных заседаниях и электронного документооборота повысило доступность правосудия и упростило взаимодействие суда и участников процесса.

Приоритетным направлением деятельности суда остается обеспечение открытости и доступности правосудия, а также непосредственного взаимодействия с гражданами.

В частности, за период с 2021 по 2025 годы руководителем суда осуществлен личный прием 82 граждан, обращения которых рассматривались в пределах компетенции суда с разъяснением порядка судебной защиты и процессуальных прав.

Значительное внимание уделяется также развитию правовой грамотности административных органов и граждан. Судом на постоянной основе проводятся круглые столы, семинарские занятия и рабочие встречи с участием представителей бизнеса, государственных органов и юридического сообщества, в рамках которых обсуждаются вопросы применения норм АППК, анализ системных ошибок в административной процедуре и пути их устранения. Судьями и специалистами суда опубликовано свыше 100 статей, направленных на разъяснение положений административного законодательства, формирование единообразной правоприменительной практики и повышение правовой культуры участников публично-правовых отношений.

Существенное внимание уделяется развитию профессиональной компетенции судей и работников аппарата суда. Формирование единых подходов к применению норм АППК, обсуждение сложных правовых вопросов и анализ судебной практики способствовали укреплению качества отправления правосудия, соблюдению высоких стандартов судебной этики.

Необходимо отметить, что административная юстиция как отдельный вид административного судопроизводства за свой почти пятилетний срок существования стал действенным механизмом защиты прав в публично-правовых отношениях. Суд последовательно реализует свою миссию по восстановлению нарушенных прав, формированию правовой дисциплины административных органов.

В целях дальнейшего укрепления доверия общества к судебной системе, утверждения принципов законности, справедливости и правовой определенности – развитие административной юстиции будет продолжено.

# СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНА – 30 ЖЫЛ

*Еліміздің сот жүйесінің өсіп-өркендеуінде айрықша маңызға ие Қазақстан Республикасының Судьялар одағы биыл 30 жылдық белесін бағындырды. Одақтың жұмысы судьялар қауымдастығының бірлігін арттыруға, кәсіби құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, сот билігінің тәуелсіздігін одан әрі нығайтуға бағытталған.*



**Құралай БАЙОРАЗОВА,**
**Панфилов аудандық сотының судьясы,**
**Жетісу облысы бойынша «Қазақстан Республикасының Судьялар одағы» РҚБ филиалының мүшесі**

Осы жылдар ішінде одақтың діттеген мақсатына жеткеніне сот жүйесін дамыту мен құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге қосқан үлесі, бұл ретте беделі дәлел. Атап айтсақ, Судьялар одағы құрылған күннен бастап-ақ сот қызметіне қатысты барлық реформадан шет қалған емес, яғни, олардың әрқайсысына белсене араласып, кәсіби алаңға айналды.

Бұл тұрғыда судьялар қауымдастығының әрбір төрт жыл сайын өтетін съездері тың бастамалар мен келелі ой-пікірлердің, ұтымды ұсыныстардың мінбері, жаңа жобаларға, игі шараларға бастамашы болды.

Отыз жыл ішінде ҚР Судьялар одағының IX съезі өтті. Олардың әрқайсысында заң үстемдігін, сот саласының дамуын көздейтін шаралар, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын әділ қорғау, судьялардың тәуелсіздігі, кәсіби әдеп нормалары сынды тағы басқа да ауқымды мәселелер көтеріліп, оларды жүзеге асырудың нақты ұсыныстары жүйелі түрде жоспарланды.

Сот жүйесінің бүгінгі жетістіктерін сондай маңызды жоспарлардың жемісі деуге толық негіз бар.

Тоғыз съезд барысында көтерілген мәселелер, солардың аясында атқарылған жұмыстарды есепке алсақ, нағыз тарихи кезең саналады. Әрі бұл белестер сот реформаларын жүзеге асыру мен заңнамаларды жетілдіруде, сондай-ақ, кәсіби судьялар корпусын қалыптастыруда жоғары бағаланады.

Сөзіміз жалаң болмас үшін мысал келтіріп өтсек, I съезде Судьялар одағы қоғамдық бірлестік ретінде құрылып, Судья әдебі кодексі мен одақ филиалдары жөнінде ереже қабылданды.

II съезде делегат-судьялар Қазақстан Судьялар одағының «Халықаралық Орталық Азия судьялар ассоциациясы» мен «Халықаралық заңгерлер одағына» мүше болуына дауыс берді, нәтижесі бүгінде әлемге айқын. Сонымен қатар, судьялыққа үміткерлерді іріктеу процесін барынша ашық өткізу, Қазақстан Республикасы соттарының және судьяларының мәртебесі туралы заңды толықтыру туралы ұсыныстар берілді.

Ал III съезде соттарды мамандандыру жайы қозғалып, елімізде дауларды баламалы тәсілдермен шешуге жол ашылды. Әр съезде көтерілген мәселенің аяқсыз қалмайтынына «Медиация туралы» заңның қабылдануы дәлел.

IV съезд судьялыққа үміткерлердің тағылымдамадан өтуі туралы жаңа заң нормаларының енгізілуімен, Сот төрелігі институтының академия дәрежесіне ие болуымен, Алқа билер институтының енуімен ерекшеленеді.

V съезд Қазақстанның Судьялар одағы Халықаралық судьялар ассоциациясының толыққанды мүшесі болуымен есте қалды. Яғни, II съезде жоспарланған мақсат орындалды.

VI съезде сот қауымдастығының алдына Азаматтық процестік кодекстің жаңа жобасын жасау, Қылмыстық, Қылмыстық процестік, Қылмыстық атқару кодекстерін толықтыру, соттар жұмысына озық технологияларды енгізу шаралары ұсынылды.

Кезектен тыс өткізілген VII съезде Судьялардың әдеп кодексі жаңартылды.

VIII съезд пандемия тұсында онлайн форматта өткізіліп, онда сот процестерін цифрландыру, сот төрелігінің ашықтығы, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері талқыланып, сот жүйесін одан әрі дамытуға бағытталған арнайы қаулы қабылданды.

IX съезде судьялардың кәсіби және этикалық стандарттарын заман талабына сәйкестендіретін жаңа Әдеп кодексі қабылданды.

Тұңғыш съезден бері жүзеге асырылған бастамалардың нәтижесінде сот саласы қағазбастылықтан арылып, электронды сот төрелігіне көшті. Медиация, Алқабилер, Әкімшілік әділет институттары, Тергеу соты, Конституциялық сот, дербес Кассациялық соттар жұмысын бастап, сот істерін тиімді шешудің жаңа тетіктері қалыптасты.

Қазақстанның Судьялар одағы «Халықаралық Орта Азия судьяларының қауымдастығы» мен «Халықаралық заңгерлер одағына», «Халықаралық судьялар ассоциациясына» мүше болды.

Отыз жылдықты өткенді саралаумен қатар, алдағы даму бағыттарына басымдық беретін отандық сот жүйесінің маңызды белесі десек, мұндай жетістіктер өркениетті мемлекеттер қатарына қосылуға жақындатудың айқын көрінісі саналады.

Судьялар одағының, сондай-ақ, аумақтық соттардағы филиалдарының ұйымдастыруымен ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, турнирлер өткізу, ел халқының құқықтық мәдениеті мен сауатын көтеру бағытында игі шараларды іске асыру дәстүрге айналған. Мәселен, Қазақстан Республикасының Судьялар одағының тікелей мұрындық болуымен ел соттарының спартакиадасы жүйелі түрде өтуде. Яғни, қазақстандық судьялар тоғыз құмалақ, футбол, шахмат сынды бірқатар спорт түрлерінен жарысқа түседі. Ерекше айтарлығы, спартакиада алдымен әр өңірде ұйымдастырылады, жеңіске жеткендер финалдық ойындарда облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларда бақ сынасады.




Мысалы, республикалық Судьялар одағының VI спартакиадасы Ақтөбеде, X спартакиадасы Түркі әлемінің рухани астанасы Түркістанда, XI спартакиадасы Шымкент қаласында өтті.

Қазіргі таңда мерейтой аясында Қазақстанның әр аймағында арнайы іс-шаралар, атап айтқанда, сот жүйесінің ардагерлері, отставкадағы судьялар мен жас мамандардың қатысуымен салтанатты жиындар ұйымдастырылуда. Әрине, бұл қатарда ҚР Судьялар одағының Жетісу облыстық филиалы да бар.

Мәселен, Панфилов аудандық соты жас судьялар мен заңгерлердің, оқушылардың басын қосып, түрлі тақырыптарда кездесулер өткізуде. Мұндай басқосулардың болашақ судьялар мен заңгерлер, жас судьялар үшін де берері мол.

Солардың бірі Жаркент қаласындағы Біләл Назым атындағы орта мектеп оқушыларымен өткен жиын өте әсерлі болды. 10-11 сынып баланың қандай мамандық иесі болатынын таңдауда бір тоқтамға келетін шешуші уақыт. Кездесуде заңгер, судья болуды, жалпы құқық саласында еңбек етуді армандап жүрген оқушылар ой-пікірлерін ортаға салып, өздеріне қажетті сұрақтарының жауаптарын алды. Сот жұмысымен танысты. Жас буынға бағыт-бағдар беріп, олардың мамандық таңдауда қателеспеулеріне атсалысу біз үшін үлкен қуаныш.

Мұндай іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады. Қазақстан Республикасы Судьялар одағының отыз жылдық мерейлі белесі отандық сот жүйесі үшін тарихи сәт екені анық.

ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫ

# БОСТАНДЫҚТЫҢ ҚАДІРІН БІЛ

## Конституциялық Соттың нормативтік қаулысының орындалуын қамтамасыз етудегі прокуратураның конституциялық қадағалау рөлі

*Құқықтық мемлекет жағдайында Конституциялық Сот төрелігі тек Конституция нормаларын түсіндіретін институт ретінде ғана қарастырылмайды. Оның шынайы мәні адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың пәрменді механизмі болуында жатыр.*



**Жансая ИМАНҒАЗИЕВА,**
**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Нормашығармашылық қызметін үйлестіру департаментіндегі Бас Прокурордың көмекшісі, заң ғылымдарының кандидаты**

Бұл, әсіресе, қылмыстық процесс саласында айқын байқалады, өйткені, дәл осы салада мемлекеттің билік өкілеттігі адамның негізгі құқықтарына тікелей ықпал етеді. Ал олардың ішінде ең сезімтал құқықтардың бірі – адамның бостандығы мен жеке басына қол сұғылмаушылық құқығы.

Күзетпен ұстау қылмыстық процестегі ең қатаң бұлтартпау шараларының бірі, оның ерекшелігі ол адамның еркін қозғалу мүмкіндігін уақытша шектеуінде. Сондықтан, бұлтартпау шарасын қолдану әрқашан заңдылық, негізділік, қажеттілік, шамаластық және құқықтық айқындылық талаптарына сәйкес келуі тиіс. Осы талаптардың кез келгенінен ауытқу адамның конституциялық құқықтарының бұзылуына алып келуі мүмкін.

Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 18 шілдедегі №73-НҚ нормативтік қаулысы ерекше құқықтық және құқық қорғаушылық мәнге ие болды.

Бұл нормативтік қаулы соңғы жылдардағы конституциялық бақылаудың ең маңызды актілерінің бірі ретінде адамның бостандығын шектеудің рұқсат етілетін шектерін қайта айқындады.

Конституциялық Сот қараған мәселе сырттай алғанда техникалық процессуалдық мәселе сияқты көрінгенімен, оның астарында әлдеқайда маңызды құқықтық проблема жатқан болатын.

Аталған нормативтік қаулыда күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы ретіндегі қылмыстық процесте адам құқықтарын ең қатаң шектеу болып табылады. Сондай-ақ, дер кезіндегі сот бақылауынсыз ол іс жүзінде негізсіз бас бостандығынан айыруға айналуы мүмкін болғандықтан, заң қылмыстық процестің барлық сатысында, оның ішінде прокурордың шешімімен айыпталушы сотқа берілген, қылмыстық іс сотқа жіберілген және іс соттың жүргізуіне қабылданған кезде жеке бас бостандығына конституциялық құқықты тиімді қорғауға бағытталғаны көрсетілген.

Жеке бас бостандығы құқығы Ата Заңмен қорғалатын негізгі құқықтардың бірі болып табылады және оны кез келген шектеу қылмыстық процестің барлық қатысушылары үшін түсінікті және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының, прокурордың және соттың өз қалауы бойынша шешім қабылдауына жол бермейтін, нақты және дәйекті регламенттелген заң нормаларына негізделуге тиіс.

Мұндай конституциялық құқықты кез келген шектеу жеткілікті негіздер болған кезде және сот рәсімі қатаң сақталған кезде қолданылуы қажет. Заңнамалық нормалар күдіктіні (айыпталушыны, сотталушыны) сот шешімінде белгіленген мерзімнен тыс мерзімде күзетпен ұстайтын жағдайға алып келмеуге тиіс, бұл оның жеке басының бостандығы конституциялық құқығын бұзады.

Егер сот актісімен мерзімді тиісінше ұзарту болмаса, бұлтартпау шарасын қолдану сот шешімдері арасындағы қысқа уақыт аралығында да негізсіз қолдану болып табылады.

Сот шешімінсіз адамды күзетпен ұстау жағдайына жол бермеу мақсатында заң шығарушы сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында осы мерзімді ұзарту мәселесін күні бұрын шешу міндеттілігін көздеді.

Мысалы, Қылмыстық процестік кодекстің (ҚПК) 151-бабының алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктеріне сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам прокурорға келісу үшін күдіктіні күзетпен ұстау мерзімін күзетпен ұстау мерзімі өткенге дейін он тәуліктен кешіктірмей үш айға дейін, күзетпен ұстау мерзімі өткенге дейін он бес тәуліктен кешіктірмей үш айдан астам, күзетпен ұстау мерзімі өткенге дейін жиырма тәуліктен кешіктірмей он екі айдан астам мерзімге ұзарту туралы өтінішхат ұсынады.

Қылмыстық іс материалдарымен танысу кезеңінде күдіктіні күзетпен ұстау мерзімін санкциялау туралы өтінішхат келісу үшін прокурорға күзетпен ұстау мерзімі өткенге дейін бес тәуліктен кешіктірілмей ұсынылуға тиіс және оны прокурор келіп түскен кезінен бастап бір тәуліктен асырмай қарайды (ҚПК-нің 151-бабының он бірінші бөлігі).

Прокурор күдіктіні күзетпен ұстау мерзімі өткенге дейін ҚПК-нің 151-бабының оныншы, он екінші және он үшінші бөліктерінде көрсетілген сараланған мерзімдерге сәйкес, сотқа мерзімді ұзарту туралы өтінішхат ұсынады.

Конституциялық Соттың пікірінше, заңның құқықтық айқындылығы мен болжамдылығын қамтамасыз ету мақсатында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, оның ішінде сотқа дейінгі іс жүргізу аяқталғаннан кейін де адамды күзетпен ұстау мәселелерін регламенттейтін қылмыстық-процестік нормаларды неғұрлым нақты жазу қажет.

Бұл мәселені талқылау барысында Конституциялық Сот тек заң мәтінін талдаумен шектелмейді. Ол құқықтық норманың ықти-

мал салдарын, оны тәжірибеде қолданудың қауіптерін де бағалады. Мұндай тәсіл қазіргі Конституциялық сот төрелігінің маңызды ерекшелігі саналады. Өйткені, заң мәтінінің өзі емес, оның адам құқықтарына ықпал ету ықтималдығы басты назарға алынады.

Жоғарыда көрсетілген нормативтік қаулыда Конституцияға сәйкестігі тексерілген ҚПК-ның 319-бабының бесінші бөлігінде «Судья қаулы шығарумен бір мезгілде айыпталушыға бұлтартпау шарасын қолданудың немесе қолданбаудың негізділігі туралы және егер бұлтартпау шарасы таңдалса, оның түрінің негізділігі немесе негізсіздігі туралы мәселені қарауға, егер осы уақытқа дейін бұлтартпау шарасын қолдану мерзімі өтіп кетсе, оны ұзартуға міндетті» деп белгіленген болатын.

Конституциялық Сот қаралып отырған норманың бір мағына бермейтін редакциясына назар аударды, бұл үйғарым шығаратын судьяға баламасыз шешім қабылдауға: «егер осы уақытқа дейін бұлтартпау шарасын қолдану мерзімі өтіп кетсе, оны ұзартуға» деп интерпретациялауға себеп беретінін, норманы бұлайша түсіну құқық қолдану практикасында мерзімді ұзарту туралы жаңа сот шешімі қабылданғанға дейінгі аралықта адамды сот актісінсіз күзетпен ұстау жағдайына жол берүі мүмкіндігін атап өтті.

Судьяның сотқа келіп түскен қылмыстық іс бойынша айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасын қолдану мерзімін ұзартуы туралы ереже 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде (299-баптың бесінші бөлігі) бұрын болмаған.

Құқық қолдану практикасында сотқа берілген адамды күзетпен ұстау мерзімінің өту жағдайларының іс сотқа келіп түскен күні болу ықтималдығына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істі сот отырысына дайындау барысында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №10 нормативтік қаулысының 10-тармағында жол беріледі. Қылмыстық процестің барлық сатысында адамды күзетпен ұстау мәселесін заңнамалық реттеу және құқық қолдану практикасы жеке бас бостандығына конституциялық құқықты бұзуды заңдастыру мүмкіндігіне жол бермеуге тиіс. Заңда адамды күзетпен ұстау мерзімі өткен кезде тиісті сот шешімінсіз, тіпті, қысқа уақыт аралығында да адамды күзетпен ұстауға жол беретін ережелер немесе дәл емес тұжырымдар болмауы қажет.

Осыған байланысты Конституциялық Сот ҚПК-нің адамды сот белгілеген мерзім өткеннен кейін күзетпен ұстауға мүмкіндік беретін нормасы құқық үстемдігі және құқықтық айқындылық қағидаттарымен үйлеспейді және Конституцияның 16-бабы 2-тармағының ережелеріне сәйкес келмейді деп көрсетті.

Осы тұрғыдан алғанда №73-НҚ нормативтік қаулысы формальды құқықтық актіден әлдеқайда кең мағынаға ие болды. Конституциялық Сот мерзімі өтіп кеткен қамауды кейіннен «қалпына келтіру» мүмкіндігін конституциялық емес деп тану арқылы адамның бостандығына қол сұғылмаушылықтың жаңа стандартын қалыптастырды.

Алайда, Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдары қабылданған сәттен бастап автоматты түрде толық жүзеге асады деуге болмайды. Кез келген конституциялық шешімнің тиімділігі оның нақты орындалуына байланысты. Дәл осы жерде прокуратура органдарының конституциялық қадағалау рөлі ерекше маңызға ие болады.

Прокуратураның құқықтық табиғатының өзі оның Конституцияның, заңдардың және Конституциялық Сот актілерінің дәл әрі біркелкі орындалуын қамтамасыз ету міндетімен тығыз байланысты. Сондықтан, Конституциялық Соттың нормативтік қаулыларын орындау прокуратура үшін қосымша немесе формальды міндет емес. Бұл оның конституциялық функциясының тікелей жалғасы.

№73-НҚ нормативтік қаулыны орындау барысында прокуратура органдарының қыз-

меті тек анықталған құқық бұзушылықтарға ден қоюмен шектелмейді. Мұнда негізгі міндет – құқық бұзушылықтың өзіне жол бермеу.

Сондықтан, прокуратура тұрақты түрде қамауда ұстау мерзімдерінің сақталуын тексереді, заңсыз ұзарту фактілерін анықтайды, прокурорлық ден қою шараларын енгізеді, құқық қолдану тәжірибесіне талдау жүргізеді және Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдарын түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырады.

Әсіресе, бұл жерде прокуратураның үйлестіруші ретіндегі рөлі маңызды. Өйткені, Конституциялық Сот шешімдерін бұрмалап түсіндіру немесе формальды орындау қаупі әрқашан сақталады. Кей жағдайда құқық қолданушы субъектілер бұрынғы тәжірибені сақтап қалуға ұмтылуы мүмкін. Мұндай жағдайда құқықтық ұстанымның мазмұны өзгермесе де, оның мәні іс жүзінде әлсіреп кетеді.

Сондықтан, прокуратура тек тікелей заң бұзушылықтарға ғана емес, құқықтық ұстанымдарды бұрмалап қолдану фактілеріне де жедел әрекет етуге міндетті. Себебі, Конституциялық Сот қаулылары олардың нақты конституциялық-құқықтық мағынасында орындалуға тиіс.

Практика прокуратура қызметінің бұл бағыттағы маңызын нақты көрсетеді.

Мәселен, 2026 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша Конституциялық Соттың №73-НҚ нормативтік қаулысында, көрсетілген құқықтық ұстанымдарды сақтамау фактілері бойынша қылмыстық қудалау органдарына заңдылықтың бұзылуын жою туралы 11 ұсыну енгізіліп, тәртіптік іс қозғалып, 20 кінәлі тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Сонымен бірге Бас Прокуратураның ескертулерінде көзделген бұл мәселе өңірлік прокуратуралардың алқа отырыстары мен аппараттық кеңестерінде қаралған.

Бұл деректер мәселенің тек теориялық емес екенін көрсетеді. Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдарын орындау күнделікті қадағалау қызметінің нақты элементіне айналып отыр.

Түптеп келгенде, Конституциялық Соттың №73-НҚ нормативтік қаулысы Қазақстан Республикасында адамның бостандығын қорғаудың жаңа конституциялық стандартын қалыптастырды деуге болады. Оның басты идеясы өте қарапайым әрі маңызды: адамның бостандығы процессуалдық олқылықтарға, ұйымдастырушылық кідірістерге немесе құжат айналымындағы кемшіліктерге тәуелді болмауға тиіс.

Құқықтық мемлекет жағдайында Конституциялық Сот шешімдерінің шынайы орындалуы – мемлекеттің құқықтық мәдениетінің деңгейін көрсететін маңызды өлшем.

Ал прокуратураның конституциялық қадағалауы бұл процесте шешуші буындардың бірі болып қала береді. Себебі, бостандық күте алмайды.

АСТАНА ҚАЛАСЫ

# ТРИ ГРАНИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРОФЕССОРА КАРАГУСОВА



*В этом году 29 июня исполняется 55 лет со дня рождения моего друга Фархада Карагусова, доктора юридических наук, профессора, академика Международной академии сравнительного права (International academy of comparative law / l'Academie international de droit compare), которая была основана в 1924 году в Гааге, а сегодня ее штаб-квартира находится в Париже, в столице Франции.*

Что включает в себя понятие «друг»? Очень многое! С Фархадом мы познакомились 30 августа 1988 года. Студенты-юристы и я, молодой преподаватель, отправлялись на сельхозработы. Молодого человека провожала бабушка – С.С. Каримова. Позже я узнал, что София Сулеймановна была одной из первых женщин-казашек, защитившей в 1953 году кандидатскую диссертацию по гражданскому праву в Москве. Всю свою жизнь она посвятила преподаванию гражданского права в Казахстане. Но в момент нашего знакомства она была прежде всего бабушкой, переживающей за любимого первого внука. И по-казахски сказала: «Сериккали, он домашний мальчишка, первый раз уезжает надолго, будет жить среди незнакомых людей. Прошу тебя, не позволяй ему быть плохим человеком». Чувства Софии Сулеймановны были мне понятны – я сам был первым внуком и по казахским традициям воспитывался у бабушки. Уже позже я понял, что такая заслуженная женщина имела возможность не отправлять своего внука на сельхозработы, но решила не выделять своего мальчика из коллектива.

Таким образом мне посчастливилось со студенческих лет наблюдать личностный, а потом научный и профессиональный рост Фархада Карагусова. К моменту нашей встречи Фархад Сергеевич окончил в 1988 году алматинскую школу с серебряной медалью и поступил на юридический факультет КазГУ (сейчас это КазНУ имени аль-Фараби), окончив его в 1993 году с красным дипломом. Руководителем дипломной работы перспективного студента был Юрий Григорьевич Басин. И именно профессор Басин рекомендовал Фархаду дополнить дипломную работу о правовом режиме ценных бумаг и оформить ее как полноценную кандидатскую диссертацию; он же рекомендовал идти в аспирантуру к профессору Майдану Кунтуаровичу Сулейменову. В 1993 году Фархад поступил в очную аспирантуру Института государства и права НАН РК, которую успешно завершил защитой кандидатской диссертации в феврале 1995 года.

После защиты кандидатской диссертации Фархад долгие годы был практикующим юристом, потому что твердо убежден, что гражданское право – это прежде всего практика применения законодательства в процессе осуществления и защиты имущественных и иных гражданских прав для того, чтобы граждане и юридические лица могли надлежащим образом их осуществлять, а также исполнять свои обязанности в рамках современного делового оборота. Опыт такой практической деятельности послужил основой для одновременного продолжения занятий исследованиями в области частного права, которые также сопровождались множеством публикаций Фархада, как научных, так и прикладных.

В период с 1995 по 1998 годы Карагусов смог опубликовать несколько статей и брошюр по различным аспектам обращения ценных бумаг, взаимодействия субъектов рынка ценных бумаг, особенностей их правового статуса, иных аспектах казахстанского права. Работы публиковались как на русском языке в Казахстане, так и на английском языке в зарубежных изданиях. Если говорить о его иностранных публикациях того периода, то, в первую очередь, речь идет о таких американских юридических периодических печатных изданиях, как East/West Executive Guide, BNA's Easter Europe Reporter и научный журнал Колумбийского университета. А в 1999 году совместно с профессором Сулейменовым Фархад публиковал статью в Review of Central and East European Law Лейденского университета, которая стала одной из первых (если не первой) статей казахстанских юристов, которая появилась в зарубежном научном журнале и сегодня индексирована в базе Скопус.

Занимаясь практической деятельностью в качестве руководителя юридической службы крупнейшего банка Казахстана – Халык Банк, предоставляя правовые заключения по различным аспектам казахстанского права, Ф.С. Карагусов смог развить свои научные воззрения, укрепив свою научную позицию о необходимости форми-

ровать правовой режим финансовых счетов. При поддержке своих учителей – профессоров М.К. Сулейменова и Ю.Г. Басина, ну и, конечно, своей семьи, он смог подготовить докторскую диссертацию. И, будучи слушателем заочной докторантуры КазГЮУ, он в декабре 2002 года успешно защитил докторскую диссертацию, в которой он исследовал и обобщил особенности правового режима таких объектов гражданских прав, как деньги и ценные бумаги в сопоставлении и нахождении юридически значимых сходства и различий.

На протяжении десятилетий Ф.С. Карагусов совмещает практическую работу с аналитической, но все больше и больше фокусируясь на преподавательской и научно-исследовательской, экспертной деятельности. Большая часть работы была сделана им в качестве эксперта по целому ряду аспектов казахстанского права, а также при разработке модельных законов для стран СНГ. В те годы Фархад Сергеевич был непосредственным членом рабочих групп по разработке концепции и законопроекта модельного закона о рынке ценных бумаг, об акционерных обществах в новой редакции, участвовал в подготовке материалов для модельного закона о банкротстве банков и в проведении ряда других работ под эгидой Межпарламентской ассамблеи СНГ.

Опыт и знания Ф.Карагусова были признаны международными организациями, которые привлекали его в качестве эксперта для проведения аналитической работы по вопросам функционирования рынка государственных ценных бумаг в странах Центрально-азиатского региона и некоторых государств Южного Кавказа, по разработке законопроектов и проведению правовых исследовании в вопросах развития законодательства и правовой доктрины. Это были аналитические работы, проведенные по заказам Международного валютного фонда, Всемирного банка, ОБСЕ, Европейского Банка реконструкции и развития, других международных организаций. Участвовал Ф. Карагусов и в работе над концепцией единых основ гражданского законодательства для стран евразийского сообщества, в рамках которого была попытка создать некие основы гражданского законодательства стран Евразийского экономического сообщества.

В 2013 году году Фархад Карагусов стал первым казахским юристом, являющимся членом уже существующей более 100 лет Международной Академии сравнительного права. Для избрания в число ее академиков, Фархад Сергеевич был номинирован занимавшим тогда должность ее Генерального секретаря профессором Юргеном Базедовым, одним из выдающихся ученых-правоведов и юристов современности. В рамках своего членства в упомянутой Академии Ф. Карагусов в составе международных авторских коллективов выполняет большой объем исследований, участвовал в написании целого ряда уже опубликованных монографий по криптовалютам, социальным предприятиям, медиации. А в течение 2026-27 годов к опубликованию старейшим нидерландским издательским домом научной литературы BRILL ожидаются еще три монографии Академии с участием Карагусова в авторских коллективах, как и второе издание (дополненное и актуализированное) четырехтомной «Энциклопедии международного частного права», первое издание которого было осуществлено издательством Edward Elgar в 2017 году.

Хотелось бы подчеркнуть, что монография, посвященная медиации, была выпущена швейцарским издательством Springer в 2015 году, и Карагусов стал первым казахстанским профессором-юристом, опубликовавшим работу в этом авторитетном издательстве.

Фархада Карагусова постоянно приглашают для участия в научных и научно-практических конференциях не только в Казахстане, но и в государствах бывшего СССР – в Украине, Азербайджане, Грузии, Молдове, Таджикистане, Кыргызстане, Узбекистане (в недавнем прошлом – также в Российской Федерации и Беларуси), а также в Германии, где он выступает с интересными и содержательными докладами.

Есть публикации в ряде немецких и польских изданий.

Его авторитет (не только научный, но и профессиональный) сказывается на том, что его избирают арбитром в различных арбитражах (в том числе в Казахстанском Международном Арбитраже, Арбитражной палате НПП «Атамекен», арбитраже Международной торговой палаты (ICC) и других) для разрешении споров, а также он неоднократно выступал экспертом по казахстанскому праву в иностранных судах (например, в швейцарском, нидерландском, Высоком Суде Англии), а также в международных арбитражах, в основном, конечно, в лондонском коммерческом арбитраже. В этом качестве Фархад Сергеевич выступает именно как казахстанский профессор, что тоже свидетельствует о его высоком научном авторитете и профессиональном признании.

Я считаю, что свидетельством научного авторитета Карагусова является то, что его приглашают в качестве официального оппонента или рецензента по кандидатским, докторским диссертациям, диссертациям PhD не только в Казахстане, но и в иностранных государствах (это, в первую очередь, страны Центральной Азии – Узбекистан, Таджикистан, Кыргызстан, но также, например, и Украина). Он состоит членом редакционных коллегий целого ряда специализированных юридических изданий в Казахстане, большинство из которых является рекомендуемыми для публикаций Министерством науки и высшего образования, а также подобного рода изданиях Азербайджана, Пакистана и Украины. Долгое время Ф.Карагусов был членом редакционного издательства, редакционного совета вышеупомянутого журнала Лейденского университета. И именно этот журнал (как и Вестник Национальной академии правовых наук Украины) является индексируемыми в Скопус.

Много лет Карагусов на практике трудится в качестве члена совета директоров нескольких казахстанских компаний, реализует современные принципы корпоративного управления в качестве независимого директора. С 2018 до 2024 годы он в качестве международного эксперта по корпоративному управлению участвовал в развитии корпоративного законодательства и практик корпоративного управления в государствах Центральной Азии и Восточной Европы, включая Балканы.

Говоря о Карагусове-практике и Карагусове-ученом, нельзя не затронуть его педагогическую деятельность, так как с преподаванием связан огромный пласт его работы. Одними из первых его курсов для магистрантов были спецкурсы, посвященные правовому регулированию денег и ценных бумаг. А в настоящее время, уже на протяжении более 14 лет, основной фокус сместился к изучению и развитию корпоративного законодательства и также практики корпоративного управления. Фархад Сергеевич разработал, и казахстанские издательства опубликовали на русском и казахском языках, учебник и учебные пособия по основам корпоративного права.

Ф.С. Карагусов в течение 11 лет был профессором кафедры гражданского права и гражданского процесса, трудового права КазНУ им. аль-Фараби (2012-2023 годы) и внес своим трудом существенный вклад в развитии кафедры. На высоком уровне провел в 2023 году в КазНУ международную конференцию, посвященную 100-летию со дня рождения доктора юридических наук, профессора Юрия Григорьевича Басина.

Карагусов является научным руководителем двух докторов юридических наук, двух кандидатов юридических наук, одного доктора PhD, которые успешно защитили свои диссертации и сегодня занимают ответственные должности в качестве профессоров университетов, заместителей деканов национального университета, руководителя крупного высшего учебного заведения. И, конечно же, Карагусов является научным руководителем уже десятков магистрантов, талантливых молодых людей, представляющих настоящее и будущее казахстанской юриспруденции. Постоянно осуществляется руководство дипломными и магистерскими

диссертациями будущих специалистов. В конце апреля этого года Ф.Карагусов стал директором Школы права и государственного управления Университета НАРХОЗ.

Для меня важны все три грани деятельности профессора Карагусова – и научная, и практическая, и юридическая. Они прекрасно дополняют друг друга. Но главными для меня всегда были, есть и будут человеческие качества Фархада, его умение дружить, всегда прийти на помощь, оказать поддержку в трудную минуту. Мальчик, с которым я почти 40 лет назад познакомился на «сельхозке», стал не просто крупным практиком, блестящим ученым, вдумчивым педагогом. Он стал Человеком и Другом с большой буквы, у которого я многому научился, несмотря на разницу в возрасте.

Поздравляя Фархада Сергеевича с 55-летием, желаю дальнейших успехов, в частности, в науке частного права, в практической деятельности в области правовой экспертизы и корпоративного управления, и подготовки профессиональных и научных кадров казахстанской юриспруденции.

**Сериккали ТЫНЫБЕКОВ,**
**д.ю.н., профессор юридического**
**факультета КазНУ**
**им. аль-Фараби**

# ҚАЙТА ӨҢДЕУ МӘДЕНИЕТІ ДАМУҒА АПАРАДЫ




*Қазіргі таңда экологиялық мәселелер адамзат алдындағы ең өзекті жаһандық мәселелердің біріне айналып отыр. Қоршаған ортаның ластануы, табиғи ресурстардың сарқылуы, тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың көбеюі адам денсаулығына, экожүйенің тұрақтылығына және болашақ ұрпақтың өмір сапасына тікелей әсер етуде. Осыған байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарының ішінде №12 «Жауапты тұтыну және өндіріс» бағыты ерекше маңызға ие. Аталған мақсат табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, қалдықтарды азайту, қайта өңдеу және қайта пайдалану мәдениетін қалыптастыру арқылы экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.*

Осы бағыт аясында С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің молекулалық биология және медициналық генетика кафедрасында «Медици-

на» және «Стоматология» мамандығының студенттері арасында қағаз қалдықтарын жинау және қайта өңдеуге өткізу бойынша экологиялық іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – студенттердің экологиялық сауаттылығын арттыру, жауапты тұтыну мәдениетін қалыптастыру, қалдықтарды сұрыптау дағдыларын дамыту және қоршаған ортаны қорғауға деген азаматтық жауапкершілікті нығайту болды.

Қазіргі қоғамда қағаз өнімдері күнделікті өмірде кеңінен қолданылады. Білім беру ұйымдарында, кеңселерде және тұрмыста пайдаланылатын қағаз көлемі жыл сайын артып келеді. Алайда, пайдаланылған қағаздардың басым бөлігі қоқыс ретінде тасталып, қоршаған ортаның ластануына себеп болуда.

Ғылыми деректерге сәйкес, бір тонна қағазды қайта өңдеу арқылы бірнеше ондаған ағашты кесуден сақтап қалуға, мыңдаған литр суды үнемдеуге және атмосфераға бөлінетін көмірқышқыл газының мөлшерін азайтуға болады. Демек, қағаз қалдықтарын қайта өңдеу тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, экологиялық және әлеуметтік жағынан да маңызды қадам болып табылады.

Іс-шара барысында студенттер пайдаланылған дәптерлерді, кеңсе қағаздарын, газет-журналдарды және басқа да қағаз қалдықтарын жинап, арнайы сұрыптау орындарына өткізді. Кейіннен жиналған қалдықтар қайта өңдеу мекемелеріне тапсырылды.

Сонымен қатар, іс-шара аясында студенттер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қайта өңдеу мен қайта пайдаланудың қоршаған ортаға тигізетін оң әсері туралы ақпараттар берілді. Студенттерге қағазды үнемді пайдалану, артық тұтынудан бас тарту және экологиялық мәдениетті күнделікті өмірде қалыптастыру жөнінде кеңестер ұсынылды.

Экологиялық акция барысында білім алушылар ерекше белсенділік танытып, табиғатты қорғау мәселесіне бей-жай қарамайтындықтарын көрсетті. Студенттер қайта өңдеу мәдениетін қалыптастыру әрбір адамның жеке жауапкершілігінен басталатынын түсінді. Осындай іс-шаралар жастардың экологиялық ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, олардың қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Әсіресе, болашақ медицина қызметкерлері үшін қоршаған ортаның тазалығы мен адам денсаулығының өзара тығыз байланысты екенін түсіну маңызды. Өйткені, экологиялық қолайсыздықтар халық денсаулығына кері әсерін тигізіп, түрлі аурулардың таралу қаупін күшейтеді.

Сонымен қатар, бұл іс-шара студенттердің ұжымдық ынтымақтастығын нығайтып, ортақ мақсат жолында бірлесіп әрекет ету дағдыларын қалыптастырды. Қайта өңдеу және қайта пайдалану идеяларын қолдау арқылы жастар қоғамда экологиялық мәдениеттің дамуына өз үлестерін қосты. Мұндай бастамалар жоғары оқу орындарында тұрақты түрде ұйымдастырылып отырса, болашақта экологиялық жауапкершілігі жоғары, саналы ұрпақ қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тұрақты даму мақсаттарының №12 «Жауапты тұтыну және өндіріс» бағыты бойынша ұйымдастырылған қағаз қалдықтарын жинау және қайта өңдеуге өткізу іс-шарасы студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Бұл бастама табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, қоршаған ортаның ластануын азайтуға және қоғамда жауапты тұтыну қағидаларын насихаттауға бағытталған маңызды экологиялық қадамдардың бірі болды. Осындай игі шаралар арқылы жастардың табиғатқа деген жанашырлығы артып, тұрақты болашаққа деген жауапкершілік сезімі нығая түседі.

**Г.ТАНЕЕВА,**
**Қ.ЖҮЗЖАН,**
**молекулалық биология және медициналық генетика кафедрасының ассистенттері**

# АЖЫРАСУ — ӨТЕ КҮРДЕЛІ ПРОЦЕСС

*Некенің бұзылуы — кез келген отбасы үшін өте күрделі әрі ауыр процесс. Ал егер отбасында кәмелетке толмаған балалар болса, бұл мәселенің жауапкершілігі мен маңыздылығы еселене түседі. Мұндай жағдайда мемлекет пен заңның басты мақсаты — ерлі-зайыптылардың жеке амбицияларынан бұрын, ең алдымен баланың құқықтары мен психологиялық саулығын қорғау.*



Неке және отбасы кодексіне сәйкес, кәмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылардың некесін бұзу сот арқылы жүзеге асырылады. Бұл талап АХАТ органы арқылы жеңіл-желпі ажыраса салуға жол бермеу және баланың болашағына қатысты маңызды мәселелерді заңды түрде, әділ шешуді көздейді. Сот процесі барысында мынадай өзекті мәселелер қаралады:

1) Баланың тұрғылықты жерін анықтау: ажырасқаннан кейін бала кіммен бірге тұрады? Сот бұл мәселені шешуде баланың жасын, ата-анасының әрқайсысына бауыр басуын, ата-анасының адамгершілік қасиеттерін және баланы тәрбиелеуге жағдай жасау мүмкіндіктерін (тұрмыстық жағдайы, жұмыс кестесі) ескереді. Сонымен қатар, 10 жасқа толған баланың пікірі міндетті түрде тыңдалады.

2) Алимент өндіріп алу: баланы кәме-

летке толғанша асырап-бағу – ата-ананың екеуінің де ортақ міндеті. Егер сотқа баланы күтіп-бағу үшін алимент өндіру жөнінде нотариалды түрде куәландырылған келісім ұсынылмаған, бұрын баланы күтіп-бағу үшін алимент өндіру жөнінде сот бұйрығы шығарылмаған кезде, баланың тұрғылықты жері анықталған ата-анаға екінші ата-анасынан заңмен белгіленген мөлшерде (бір балаға табысының төрттен бір бөлігі, екі балаға үште бір бөлігі және үш немесе одан көп балаға екіден бір бөлігінде) алимент өндіріледі.

3) Баламен араласу тәртібі: бөлек тұратын ата-ананың баламен кездесуге, оның тәрбиесіне және білім алуына қатысуға толық құқығы бар. Егер тараптар кездесу уақыты мен орны туралы ортақ мәмілеге келе алмаған жағдайда, баламен кездесу кестесі айқындалады.

4) Ортақ бала үш жасқа толғанша мұқтаж жұбайын күтіп бағу үшін алимент өндіру және мүлікті бөлу жөнінде даулардың бар жоғын анықтайды.

Заңдық рәсімдерден бөлек, ажырасудың балаға тигізер психологиялық зардабының өте зор екенін ата-аналар ұғынуы қажет. Ата-аналар арасындағы кикілжің, өзара айыптаулар және сот процесіндегі дау-дамай баланың жүйке жүйесіне, оның әлемге деген сеніміне сызат түсіреді. Сондықтан мамандар мынадай маңызды қағидаларды қатаң ұстануға ата-аналарға кеңес береді:

1) Баланы манипуляция құралына айналдырмау, яғни, баланы екінші тараптан кек алу немесе шантаж жасау үшін «қару» ретінде пайдалануға мүлдем болмайды.

2) Бір-бірін қаралап, жамандамау – бала үшін әкесі де, анасы да ең жақын адамдар, олардың біреуі туралы жаман сөз есту баланың ішкі жан-дүниесін күйретеді.

3) Ашық сөйлесу – ажырасу тек ересектердің қабылдаған шешімі екенін және оған баланың ешқандай кінәсі жоқтығын оның жасына сай түсіндіру қажет.

Бейбіт шешім, медиацияның рөлі – бүгінгі таңда мұндай сезімтал дауларды өркениетті жолмен шешу үшін медиация институты кеңінен қолданылуда. Кәсіби медиатордың немесе адвокаттардың көмегімен ата-аналар соттағы ұзақ айтыс-тартысқа бармай-ақ, баланың тұрғылықты жері, алимент төлеу және кездесу тәртібі туралы өзара бейбіт – «Бала туралы келісім» түзе алады. Бұл баланың психологиясын жарақаттанудан сақтап қалудың ең тиімді әрі сауатты жолы.

Отбасындағы некенің бұзылуы ерлі-зайыптылардың бірлескен өміріне нүкте қойғанымен, олардың «ата-ана» мәртебесін жоймайды. Ер мен әйел бұрынғыдай ерлі-зайыпты болмауы мүмкін, бірақ олар бала үшін өмір бойы ата-ана болып қала береді. Сондықтан кәмелетке толмаған баласы бар отбасындағы ажырасу процесіндегі ең үлкен жеңіс – соттағы ұтыс немесе мүлікті бөліп алу емес, баланың болашағы үшін екі ата-ананың да мейірімі мен қамқорлығын сақтап қалу.

**Алмагул ДУСИМОВА,**
**Маңғыстау облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**

# О ВОЗМЕЩЕНИИ МОРАЛЬНОГО ВРЕДА

*В жизни бывают ситуации, когда человеку причиняют не только материальный ущерб, но и душевную боль: оскорбляют, распространяют ложную информацию, наносят вред здоровью или незаконно привлекают к ответственности. В таких случаях закон позволяет требовать компенсацию морального вреда.*



**Асемгуль БОЛТЫБАЕВА,**
**судья Аккайынского районного суда Северо-Казахстанской области**

Правовая основа этого механизма закреплена в Гражданском кодексе Республики Казахстан. Моральный вред – это страдания, которые человек испытывает вследствие нарушения его нематериальных прав. Законодательство РК предусматривает возможность компенсации морального вреда в судебном порядке.

Согласно ст. 951 Гражданского кодекса, под термином «моральный вред» понимается нарушение, умаление или лишение личных неимущественных благ и прав физических лиц, в том числе нравственные или физические страдания (унижение, раздражение, подавленность, гнев, стыд, отчаяние, физическая боль, ущербность, дискомфортное состояние и т.п.), испытываемые (претерпеваемые, переживаемые) потерпевшим в результате совершенного против него правонарушения, а в случае его смерти в результате такого правонарушения – его близкими родственниками, супругом (супругой).

Моральный вред возмещается лишь при подтверждении факта причинения потерпевшему нравственных или физических страданий. Моральный вред возмещается причинителем при наличии его вины, а также моральный вред возмещается, независимо от вины причинителя, в случаях, если:

– вред причинен жизни и здоровью гражданина источником повышенной опасности;

– вред причинен гражданину в результате его незаконного осуждения, незаконного

привлечения к уголовной ответственности, незаконного применения в качестве меры пресечения заключения под стражу, домашнего ареста или подписки о невыезде, незаконного наложения административного взыскания в виде ареста, незаконного помещения в психиатрическое лечебное учреждение или другое лечебное учреждение;

– вред причинен распространением сведений, порочащих честь, достоинство и деловую репутацию; иных случаях, предусмотренных законодательными актами.

Обязательство по компенсации морального вреда в общем случае возникает при наличии одновременно следующих условий:

– претерпевание морального вреда;

– неправомерное действие причинителя вреда;

– причинная связь между неправомерным действием и моральным вредом;

– вина причинителя вреда.

Относительно видов действий, совершение которых порождает право потерпевшего на компенсацию морального вреда, следует указать, что необходимым признаком этих действий является нарушение ими неимущественных прав и благ гражданина. Поскольку такие права и блага не отчуждаемы и не передаваемы иным способом, они не могут являться предметом сделок, в связи с чем обязательства из причинения морального вреда в большинстве случаев возникают при отсутствии между сторонами гражданско-правовых договорных отношений. Между тем возможны случаи, когда и при наличии таких отношений возникает право на компенсацию морального вреда.

Ст. 952 ГК предусматривает, что моральный вред возмещается в денежной форме и независимо от подлежащего возмещению имущественного вреда.

Моральный вред часто более чувствителен и более остро заставляет страдать потерпевшего, чем имущественный. Он, как таковой, не может быть возмещен, но может быть хоть как-то компенсирован. Ввиду отсутствия лучшего способа восстановить душевный дискомфорт потерпевшего, этим способом служит денежная компенсация. При определении размера компенсации морального вреда необходимо в отдельных случаях учитывать материальное положение лица, которому такой вред причинен (ст. 952 ГК).

Моральный вред компенсируется в денежном выражении (п. 1 ст. 952 ГК). Размер компенсации определяется судом.

В соответствии с п. 8 Нормативного постановления Верховного Суда РК № 7 от 27 ноября 2015 года «О применении судами законодательства о возмещении морального вреда», при определении размера компенсации морального вреда необходимо принимать во внимание как субъективную оценку гражданином тяжести причиненных ему нравственных или физических страданий, так и объективные данные, свидетельствующие об этом, в частности: жизненную важность личных неимущественных благ и прав (жизнь, здоровье, свобода, неприкосновенность жилища, личная и семейная тайна, честь и достоинство и т.д.); степень испытываемых потерпевшим нравственных или физических страданий (лишение свободы, причинение телесных повреждений, утрата близких родственников, супруга/супруги, утрата или ограничение трудоспособности и т. д.); форму вины (умысел, неосторожность) причинителя вреда, когда для возмещения морального вреда необходимо ее наличие.

Суд при определении размера компенсации морального вреда вправе принять во внимание и другие обстоятельства, подтвержденные материалами дела, в частности, семейное и имущественное положение лица, несущего ответственность за причиненный потерпевшему моральный вред.

Действующим законодательством предусмотрена только одна форма компенсации морального вреда – денежная.

Знание своих прав – первый шаг к их защите. Закон дает каждому гражданину возможность восстановить справедливость и получить компенсацию за причиненные страдания. Главное, не оставлять нарушение без внимания и действовать в рамках правового поля.

# РОЛЬ СУДЬИ В УКРЕПЛЕНИИ ПРАВОГО ГОСУДАРСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

*Судебная система является одной из важнейших основ правового государства. От эффективности и независимости судов зависит защита прав и свобод граждан, стабильность общества, развитие экономики и доверие населения к государственным институтам. В Республике Казахстан процесс становления современной судебной системы тесно связан с обретением независимости и построением демократического государства.*



**Айнагуль ТУКУБАЕВА,**
**судья Талгарского районного суда Алматинской области,**
**магистр юридического права**

После провозглашения Независимости в 1991 году Республика Казахстан приступила к масштабным государственным реформам. Одним из ключевых направлений стало создание собственной судебной системы, отвечающей принципам законности, справедливости и независимости.

Принятие Конституции Республики Казахстан в 1995 году стало важнейшим этапом развития судебной власти. Основной закон закрепил принцип разделения властей на законодательную, исполнительную и судебную, а также определил суд как независимый орган, осуществляющий правосудие от имени государства.

В последующие годы были приняты законы, регулирующие деятельность судов, статус судей и порядок осуществления правосудия. Постепенно формировалась единая судебная система, включающая Верховный Суд, областные и районные суды, а также специализированные суды.

С момента обретения Независимости Казахстан последовательно проводит реформы, направленные на совершенствование судебной власти. Были приняты новые законы, модернизирована структура судов, внедрены современные цифровые технологии, обеспечивающие открытость и доступность правосудия. Особое внимание государство уделяет укреплению независимости судей и повышению качества отправления правосудия.

Судья — это не только представитель государственной власти, но и гарант справедливости, законности и защиты конституционных прав граждан. Именно судья

принимает решения, от которых зависят судьбы людей, восстановление нарушенных прав и укрепление общественного доверия к закону. Высокие моральные качества, объективность, честность и ответственность являются неотъемлемыми требованиями к профессии судьи.

С развитием государства судебная система Казахстана неоднократно подвергалась реформированию. Главной целью реформ стало повышение эффективности судопроизводства, обеспечение прозрачности и укрепление доверия общества к судам.

Особое значение имели реформы, направленные на:

– усиление независимости судей;

– внедрение современных информационных технологий;

– повышение профессионального уровня судейского корпуса;

– развитие института медиации;

– упрощение судебных процедур.

За последние годы судебная система Казахстана демонстрирует заметный прогресс по сравнению с рядом стран ближнего зарубежья в части цифровизации, прозрачности и повышения доступности правосудия. Одним из ключевых достижений стало внедрение электронного судопроизводства, позволяющего гражданам и организациям подавать документы онлайн, отслеживать ход дел и участвовать в судебных заседаниях дистанционно. Это значительно сократило сроки рассмотрения дел и снизило бюрократические барьеры.

В отличие от многих государств ближнего зарубежья, где процессы цифровизации судебной системы остаются ограниченными или фрагментарными, в Казахстане активно развиваются сервисы электронного правосудия и автоматизированного распределения дел между судьями, что способствует снижению коррупционных рисков и повышению объективности рассмотрения споров.

Также важным достижением является усиление открытости судебной системы. Публикация судебных актов, развитие онлайн-трансляций отдельных процессов и повышение стандартов судебной этики укрепляют доверие общества к институту правосудия. Международные эксперты неоднократно отмечали стремление Казахстана к модернизации судебной системы и адаптации лучших мировых практик.

Кроме того, в стране реализуются меры по повышению профессионального уровня судейского корпуса, совершенствованию механизмов отбора судей и укреплению независимости судебной власти. В совокупности эти реформы формируют более современную и эффективную модель правосудия по сравнению с рядом других государств постсоветского пространства.

Судебная система играет важную роль в укреплении государственности и развитии Казахстана. Прежде всего, суды обеспечивают защиту конституционных прав граждан и организаций. Благодаря эффективной судебной защите повышается уровень правовой культуры населения и укрепляется принцип верховенства закона.

Кроме того, стабильная и справедливая судебная система способствует развитию экономики и инвестиционной привлекательности страны. Иностранные и отечественные инвесторы заинтересованы в наличии независимых судов, способных объективно разрешать споры и защищать имущественные права.

В Республике Казахстан День судьи и работника суда начали отмечать 24 июня 2022 года. Эта дата выбрана не случайно, именно 24 июня 1992 года были внесены первые после Независимости изменения в Закон «О судоустройстве Казахской ССР».

День судьи Республики Казахстан является символом уважения к представителям судебной власти, признанием их важного вклада в обеспечение стабильности, законности и справедливости в государстве. Этот день подчеркивает значимость профессии судьи и высокий уровень ответственности, возложенной на судебную систему.

Сегодня судьи Казахстана продолжают вносить значительный вклад в развитие демократического и правового государства, обеспечивая защиту прав и свобод граждан, укрепление доверия общества к правосудию и дальнейшее совершенствование судебной системы страны.

# ЗАҢ ЖӘНЕ ЖАСТАР

*С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Молекулалық биология мен медициналық генетика кафедрасының ұйымдастыруымен «Медицина» мамандығының 1 курс М25-001/002 және М25-003/004 топ студентері арасында «Заң және жастар: Жауапкершілік пен таңдау!» атты тақырыпта дискуссия өтті. Бұл шара студенттер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу, сондай-ақ, жеке жауапкершілік пен саналы таңдау жасаудың маңызын түсіндіру мақсатын көздеді.*




Іс-шараны кафедра меңгерушісі ашып, қатысушыларды тақырыппен таныстырды. Пікірталас барысында студенттерге заңның қоғамдағы рөлі, жастардың заң алдындағы жауапкершілігі және саналы таңдау жасаудың маңызы жан-жақты түсіндірілді. Соған орай, студенттер белсенділік танытып, ой-пікірлерін еркін жеткізді. Әрі құқықтық мәдениетті қалыптастырудың тиімді жолдарын ұсынды. Сонымен қатар, жиында құқық бұзушылықтардың алдын алу, жастар арасындағы тәртіп пен

әдеп нормаларын сақтау мәселелері де қозғалды. Студенттер күнделікті өмірде кездесетін түрлі құқықтық жағдайларға байланысты өз көзқарастарын білдіріп, заңды білу әр азаматтың міндеті екендігіне тоқталды. Әсіресе, қазіргі қоғамдағы әлеуметтік желілердің ықпалы, интернеттегі қауіпсіздік, кибербуллинг және жауапкершілік тақырыптары ерекше қызығушылық тудырды.

Нәтижесінде интернеттегі қауіпсіздік пен кибербуллинг мәселелеріне ерекше назар аударылды. Студенттерге әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде жеке мәліметтерді қорғау, жалған ақпараттан сақтану және интернеттегі әдеп нормаларын сақтау туралы түсіндірілді. Сонымен қатар, кибербуллингтің адам психологиясына тигізетін кері әсері, оның алдын алу жолдары және мұндай жағдайларда заң аясында жауапкершілік қарастырылғаны айтылды.

Қатысушылар интернет кеңістігінде мәдениетті қарым-қатынас орнату – қазіргі қоғамның маңызды талаптарының бірі екенін атап өтті. Олар әлеуметтік желілерде өз ойын сауатты әрі әдепті түрде жеткізу, өзгелердің пікіріне құрметпен қарау және кикілжің туғызатын әрекеттерден аулақ болу қажеттігін талқылады. Бұған қоса, студенттер онлайн ортада адамгершілік құндылықтарды сақтау, бір-біріне қолдау көрсету және жауапкершілікпен әрекет ету қоғамдағы өзара сыйластық пен сенімді нығайтатыны туралы да әңгіме өрбітті.

Іс-шара барысында қатысушылар топтық талқылауларға белсенді қатысып, нақты мысалдар арқылы өз пікірлерін дәлелдей білді. Мұндай шаралар жастардың құқықтық сауаттылығын арттырумен қатар, олардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға да ықпал етері анық. Студенттер заңды құрметтеу – қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықтың кепілі екеніне мән берді.

Жиын соңында кураторлар Г.Танеева, Қ.Жүзжан, А.Мустафаева, Р.Шайхымбековалар кез келген жағдайда саналы шешім қабылдап, әрбір әрекетке жауапкершілікпен қараудың маңыздылығына тоқталды. Жастармен пікірлесу өз кезегінде олардың заңға құрметін арттырып қана қоймайды, сонымен бірге жауапкершіліктерін нығайтып, қоғам өміріне белсенді араласатын тұлға ретінде қалыптастырады. Студенттер өз құқықтары мен міндеттерін терең түсініп, болашақта елінің дамуына үлес қосатын жауапты әрі білімді азамат болудың маңызын ұғынады.

**А.МОЛДАКАРЫЗОВА,**
**молекулалық биология және медициналық генетика кафедрасының меңгерушісі,**
**А.МУСТАФАЕВА,**
**куратор**

# ЗАҢ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІН ӨЗГЕРТЕДІ

*Мұғалімдер енді оқушыға тек сабақ кезінде ғана жауапты болады. Депутаттар артық жауапкершіліктен босататын заңды қабылдады. Қазақстанда педагог мәртебесін күшейтуге бағытталған ауқымды заң жобасы Мәжілісте екінші оқылымда қабылданды. Құжат мұғалімдерді артық жүктемеден қорғап, білім беру, денсаулық сақтау және бала құқықтарын қорғау салаларындағы бірқатар нормаларды өзгертеді.*



Заң жобасын таныстырған Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан бұл құжат Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жүктеген міндеттер аясында әзірленгенін айтты.

Депутаттың сөзінше, заңның негізгі өзегі – педагог мәртебесін нақты қорғау. Енді педагогтердің білім алушылар алдындағы жауапкершілігі тек оқу процесі барысында ғана айқындалады. Бұл мұғалімді өзіне тән емес функциялардан қорғайды, – деді ол. Сонымен қатар заңда мұғалімдердің тоқсандық есептерін қағаз және электронды форматта қатар тапсыруына заңнамалық деңгейде тыйым салынды. Мәжіліс мұны «цифрлық бюрократиямен» күрес деп бағалап отыр.

Құжат аясында орта білім беру ұйымдарында ұялы құрылғыларды пайдаланудың бірыңғай қағидалары бекітілді. Депутаттардың пікірінше, бұл оқушылардың назарын білімге аударып, кибербуллингтің алдын алуға көмектеседі. Сондай-ақ ата-аналардың баланың өмірі, денсаулығы

мен қауіпсіздігіне қатысты жауапкершілігі күшейтілді. Заңда тәрбие беру ісі мектеп пен отбасының ортақ міндеті екені нақты көрсетілген. Жаңа нормаларға сәйкес халықаралық кәсіби шеберлік байқауларының жеңімпаздарына жоғары оқу орындарына конкурстан тыс грант беру қарастырылған. Ал педагогикалық және медициналық мамандықтарға түсетін талапкерлерге қойылатын талаптар қатаңдатылады. Депутаттар бұл қадам білім мен медицина саласына ең мықты жастарды тартуға бағытталғанын атап өтті.

### ҚАЗАҚСТАНҒА ШЕТЕЛДІК УНИВЕРСИТЕТТЕР КЕЛЕДІ

Заң жобасында Қазақстан аумағында жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының жұмыс істеуіне қолайлы құқықтық режим енгізілді. Алайда мұндай филиалдар мемлекеттік білім стандарттары сақталған жағдайда ғана ашылады.

Медициналық білім беру жүйесі өзгереді. Құжаттың жеке блогы медицина саласына арналған. Енді интеграцияланған медициналық білім беру моделіне көшу ұсынылып отыр. Ол 6 жыл оқу мен 1 жыл толыққанды интернатурадан өтуді көздейді. Мұндай жүйе түлектерге оқу аяқталған соң бірден медициналық практикамен айналысу құқығын береді. Сонымен қатар денсаулық сақтау нысандарын салу және пайдалану кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін тиімді қолдану нормалары да енгізілді. Ілеспе заң жобасы арқылы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске де өзгерістер енгізіліп, педагогтердің құқықтарын қорғау тетіктері күшейтілді. Мәжіліс заң жобасын екінші оқылымда қабылдап, Сенатқа жолдады.

Мектеп психологы Эльмира Қасымбекқызының пікірінше, жаңа заң педагогтерге түсетін психологиялық қысымды азайтуы мүмкін.

«Соңғы жылдары мұғалімдерге тек білім беру емес, оқушының тәртібі мен мектептен тыс жағдайларына дейін жауапкершілік жүктеліп кетті. Бұл көп педагогтің эмоционалды күйіне әсер етті. Сондықтан жауапкершілік аясын нақтылау маңызды шешім деп ойлаймын», – дейді маман.

Оның айтуынша, мектептерде телефон қолдануға қатысты шектеулер де оқушылардың сабаққа назарын арттыруға көмектесуі мүмкін.

«Қазіргі балалардың зейіні әлеуметтік желі мен гаджеттерге жиі бөлінеді. Белгілі бір деңгейде шектеу енгізу оқу процесінің сапасына оң әсер етуі ықтимал», – деді психолог.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**
**журналист**

# СОСТАВЛЕНИЕ ПРОТОКОЛА НЕУПОЛНОМОЧЕННЫМ ДОЛЖНОСТНЫМ ЛИЦОМ

*Согласно ч. 4 ст. 802 КоАП, дело об административном правонарушении считается возбужденным, в том числе с момента составления протокола об административном правонарушении.*




Без составления протокола производство по делу об административном правонарушении чаще всего вообще не может состояться, так как является основным процессуальным документом.

Предусмотренные указанной частью ст. 802 КоАП варианты, когда дело об административном правонарушении возбуждается по постановлению прокурора о возбуждении дела об административном

правонарушении, объявления судом об установлении факта проявления неуважения к суду со стороны присутствующего в процессе лица в ходе судебного заседания, не опровергает сказанное выше, так как данный процессуальный документ и действия по существу выполняют роль протокола об административном правонарушении.

С учетом значимости протокола об административном правонарушении для производства по делам об административной ответственности он чаще всего подвергается изучению на соответствие содержания его реквизитов установленным требованиям.

Согласно ч. 2 ст. 802 КоАП в протоколе указывается дата и место составления протокола; должность, фамилия и инициалы лица, составившего протокол; сведения о лице, в отношении которого возбуждено дело (для физических лиц – фамилия, имя, отчество (при его наличии), дата рождения, место жительства, реквизиты документа, удостоверяющего личность; для юридических лиц – наименование, место нахождения, номер и дата государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица, идентификационный номер и банковские реквизиты; место, время совершения и существо административного правонарушения; статья Особенной части КоАП, предусматривающая административную ответственность за данное правонарушение; фамилии, имена, отчества (при их наличии), адреса свидетелей и потерпевших, если они имеются; объяснение физического лица либо представителя юридического лица, в отношении которого возбуждено дело; иные сведения, необходимые для разрешения дела.

Из данной нормы следует, что должность, фамилия и инициалы лица, составившего протокол об административном правонарушении, должны быть указаны в обязательном порядке. Только при соблюдении этого условия можно определить, правомочным ли должностным лицом составлен протокол об административном правонарушении.

Полномочия должностных лиц на составление протокола об административном правонарушении определяются в первую очередь компетенцией соответствующего органа исполнительной власти (ст. 804 КоАП).

Для того, чтобы определить компетенцию конкретного органа исполнительной власти, необходимо по каждому делу анализировать нормы, закрепленные в главе 36 и ст. 804 КоАП.

Глава 36 КоАП постатейно определяет компетенцию управомоченных органов исполнительной власти по рассмотрению дел об административных правонарушениях в зависимости от характера административного правонарушения.

Например, согласно ст. 720 КоАП, налоговые органы рассматривают дела об административных правонарушениях, предусмотренных ст. 282 КоАП – Нарушение законодательства Республики Казахстан о государственном регулировании производства и оборота этилового спирта и алкогольной продукции в части непредставления либо несвоевременного представления декларации на этиловый спирт и (или) алкогольную продукцию (части 1,2). Значит, по названным составам они вправе составлять протоколы об административном правонарушении.

Кроме того, ст. 804 КоАП предусмотрено, за совершение каких административных правонарушений исполнительные органы вправе составлять протоколы, помимо случаев, установленных в главе 36 КоАП.

Наряду с изложенным, необходимо обязательно иметь в виду требования ч. 3 ст. 804 КоАП, которая определяет, что по делам об административных правонарушениях, рассмотрение которых отнесено к ведению органов, указанных в ст. ст. 685 – 735-1 Кодекса (глава 36), протоколы о правонарушениях имеют право составлять уполномоченные на то должностные лица этих органов.

Также следует отметить, что, проверяя полномочия должностного лица на составление протокола, следует учитывать положения содержащиеся в главе 36 КоАП, а также нормативно-правовые акты соответ-

ствующих органов исполнительной власти. В случае реорганизации органов исполнительной власти необходимо проверить, сохранено ли за соответствующими должностными лицами этих органов право на составление протокола и рассмотрение дела об административном правонарушении и не переданы ли эти функции должностным лицам других органов исполнительной власти.

Применительно к полномочиям на составление протокола об административном правонарушении законодатель предусмотрел установление перечня должностных лиц, уполномоченных на составление протокола об административных правонарушениях.

В судебной практике имеются примеры, когда судом факт составления протокола об административном правонарушении неуполномоченным на то лицом признавался существенным и самостоятельным основанием для признания незаконными и отмене всех совершенных по делу процессуальных действий.

Так, товариществу вменялось совершение противоправного деяния, предусмотренное ч. 10 ст. 637 КоАП – Неиспользование радиочастотного спектра в течение одного года. Протокол об административном правонарушении составлен руководителем РГУ «Межрегиональная инспекция связи Комитета телекоммуникаций Министерства цифрового развития, инноваций и аэкрокосмической промышленности Республики Казахстан по Восточно-Казахстанской, Павлодарской областям, области Абай».

Между тем в редакции на момент составления протокола об административном правонарушении по вышеуказанной статье протокол могли составлять должностные лица уполномоченного органа в сфере информатизации и связи.

Согласно Закону РК «О связи», уполномоченным органом в сфере информатизации и связи является центральный исполнительный орган.

Следовательно, по делу протокол об административном правонарушении составлен неуполномоченным на это должностным лицом территориального органа.

Таким образом, проверка правомочий должностного лица на составление протокола об административном правонарушении требует скрупулезного и внимательного отношения.

**Айгерим СУЛЕЙМЕНОВА,**
**судья Специализированного межрайонного суда по административным правонарушениям г. Павлодара**

# ЗАҢ

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҒЫЛЫМИ–ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ**


**Жазылу индексі: 75849**

**Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген Куәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан**



Жарияланған мақала авторларының пікірлеріредакция көзқарасымен сәйкес келе бермеуі мүмкін



## РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

**050012, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй. Телефондар: 8727–2–92–43–43, 8727–2–92–79–61 (факс)**


## ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ–ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14–КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9–10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.


**Теруге 10.6.2026 ж. жіберілді. Басуға 20.6.2026 ж. қол қойылды.
Пішімі 60х90 1/8. Тапсырыс № 6. Таралым 1300.
Журнал айына бір рет жарық көреді.
Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым**

**«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,
Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31**

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

# ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

**Біздің басылымдарда:**

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

**Вы можете:**

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

**Байланыс телефондарымыз:**

Басылымға жазылу құны және оны рәсімдеу мәселелері бойынша:
**8 (727) 292 29 27**

Жарнама мәселелері бойынша телефондар:
**8 (727) 292 29 27, 292 29 92**

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

**Контактные телефоны:**

По вопросам стоимости и оформления подписки и издания:
**8 (727) 292 29 27**

Телефоны для рекламы:
**8 (727) 292 29 27, 292 40 89**

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

**Баспахана мекенжайы:**
Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

**Адрес типографии:**
пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»